

Мектептегі мерекелер

№6 (156)
2021

тәрбие жұмыстарының сценарийлері

Журнал 2006 жылдың қаңтар айынан бастап екі айда бір рет қазақ тілінде шыға бастады.
2011 жылдан бастап ай сайын шығады

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал)

МАЗМҰНЫ

Ж. Мамбетова, Б. Саттыкова. Тәуелсіз елім – Қазақстан	3
А. Меңдіқараева. Менің елім – Қазақстан.....	6
П. Сасенова. Қазақстан – Республикам менің!.....	8
Г. Жанулова. Мемлекеттік рәміздер	9
Ғ. Әмрина. Сыңғырла, соңғы қоңырау!	13
С. Бектілеуова. Ұлы Тұлға - Баукең!.....	16
А. Коккозова. Сөз мерген	19
Д. Кайыпова. Интеллектуалды ойын-сайыс	21
А. Жетімекова. Шаңырақ сайысы.....	24
С. Жетілбаева. Бастауышым – балбұлағым.....	26
С. Ахметова. Ең үздік информатик	30
Ж. Есқараева. «Жарайсыңдар» жұптық сайысы	32
Н. Сарсенғалиева. Азат елдің көк туы, көгімде мәңгі желбіре!.....	34
Ә. Боранқұлова. Жетістікке жетелеген жыл.....	36
А. Бақберген. Табысты маман болам десең.....	38
Н. Шатинова. Исраил Сапарбайдың 80 жылдық мерейтойы	40

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Бас редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат РАЙМҚҰЛОВА

«Мектептегі мерекелер:
тәрбие жұмыстарының
сценарийлері» журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс
және ақпарат министрлігінде
қайта тіркеліп, №10966-Ж
куәлігі берілді.

Басылым индексі: 75489

Басуға қол қойылды
10.06. 2021 ж.
Офсеттік басылым.

Тапсырысы: 326.

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел.: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл.пошта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал <<Print House GERONA>>
баспаханасында басылды.
Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі
30А/3, 124-кеңсе.
Тел.: (727) 250 47 40.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Кіршібаева Райхан –
эл-Фараби атындағы
№145 жалпы білім беретін
мектеп директорының
тәрбие жұмысы жөніндегі
орынбасары,
Алматы қаласы.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде CD дискіге жазып жіберіңіз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөнізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Факс арқылы, бағалы хат арқылы да редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Тәуелсіз елім – Қазақстан

Мақсаты: оқушылардың отаншылдыққа, ұлтжандылыққа, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға дұрыс-бағдар беру, өз елінің тарихын сыйлауға үйрету, оқушыларды патриоттық рухта тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайдтар, бейнероликтер.

Сабақ барысы:

1. Тренинг (*Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 тірек сөз*);

2. Сандар сыр шертеді...

3. «Қоржын - сұрақ» викториналық сұрақтар;

4. Тарихи 5 кезең «Тарихи тұлғалар немесе әдеби кейіпкерлер».

1. Тренинг.

1 – Қазақстан, 2 – егеменді, 3 – зайырлы, 4 – тәуелсіз, 5 – көк туы желбіреген, 6 – айбынды, 7 – әсем, 8 – көрікті, 9 – жалынды, 10 – жарқыраған, 11 – мәңгілік, 12 – рухты, 13 – гүлденген, 14 – намысшыл, 15 – жаңғырған, 16 – рухани, 17 – бәсекеге қабілетті, 18 – көпұлтты, 19 – индустриялы, 20 – толерантты, 21 – экономикасы тұрақты, 22 – жаһанданған, 23 – табиғаты тамаша, 24 – кең байтақтығы, 25 – өркениетті, 26 – өнерлі, 27 – мұнайлы, 28 – қазыналы, 29 – ұлттық нақышты, 30 – шежірелі.

- Құрметті ұстаздар, оқушылар! Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған «Тәуел-



сіз елім – Қазақстан» атты ашық сабағымызға қош келдіңіздер!

Сабағымызды елбасымыздың мына бір сөзімен бастағанды жөн көріп отырмын: «Біз бәріміз бір ата-ның – қазақхалқының ұлымыз. Бәріміздің де

туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бүлдүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан».

Тәрбиеші:

30 жыл. Ширек ғасыр, сен менің Жүрегімді тыныштық боп тербедің. Нәтижесі бейбіт күн мен бейнеттің, 50 елдің қатарына енгенім.

Күллі әлемді құшақ жайып қарсы алдың,

Қала салдық қараса жұрт тамсанған.

Айналдырған аз уақытта осы бір, Орындалды қанша тілек, қанша арман.

2. Сандар сыр шертеді...

Тарихқа көз жіберсек, қазақ – нағыз батыр халық екенін мойындайсың. Осындай рухы күшті елдің ұрпағы болу – үлкен бақыт. Бүгінде 30 жасқа толған тәуелсіз елімізді бүкіл әлем таныды, мойындады. Енді осы 30 жыл ішінде қазақ елі қандай жетістіктерге қол жеткізді? Соны саралап, есімізге түсірейік. (*Слайд арқылы*)

- 1991 жылы 29 тамызда Семей полигоны жабылды;

- 1991 жылы 2 қазанда қазақ ғарышкері, Т. Әубәкіров ғарышқа ұшты;
- 1991 жылы 1 желтоқсанда тұңғыш Президентіміз сайланды;
- 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Тәуелсіздігін жариялады;
- 1992 жылы 2 наурызда Қазақстан БҰҰ-на мүше болып қабылданды;
- 1992 жылы 4 маусымда Еліміздің Мемлекеттік рәміздері бекітілді;
- 1993 жылы маусым айында еліміздің тұңғыш Конституциясы қабылданды;
- 1993 жылы 15 қарашада төл теңгеміз дүниеге келді, 2006 жылы 15 қарашада теңгеміз жаңа басылыммен қайта шықты;
- 1994 жылы мемлекетіміздің тұңғыш ордендері мен медальдары дүниеге келді;
- 1995 жылы 30 тамызда жаңа Ата Заңымыз қабылданды;
- 1997 жылы 10 қазанда Ақмола қаласы Астана болып жарияланды;
- 1998 жылы 6 шілде — Астана күні болып бекітілді;
- 1999 жылы 10 қаңтарда президент сайлауы өтті;
- 2001 жылы тәуелсіздігімізге 10 жыл;
- 2010 жылы ҰБСЕ ұйымына төрағалық етті;
- 2011 жылы 3 сәуірде Елбасы Н.Ә. Назарбаев қайта Президент болып сайланды;
- 2011 жылдың 16 желтоқсаны Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдық мерейтойы тойланады;
- 2012 жылы — тұңғыш президент күні тойланды, ЕХРО-2017 көр-

месін өткізуді 103 мемлекет қолдап, жеңіп алды.

3. «Қоржын - сұрақ» викториналық сұрақтар:

1. Мемлекеттік рәміздерді ата (ту, елтаңба, әнұран);
 2. Егемен Қазақстанның ордендері мен медальдарын атаңдар («Халық қаһарманы», «Алтын жұлдыз», «Отан» ордені, «Даңқ», «Парасат», «Құрмет» ордендері, «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдары);
 3. Тәуелсіздік Монумені қай алаңда, қай жылы ашылды? (1996 жылы 18 желтоқсан күні Республика алаңы);
 4. Мемлекеттік елтаңбаның авторлары (Ж. Мәлібеков, Ш. Уәлиханов);
 5. Ұлттық валюта (теңге);
 6. Қазақстан Республикасының жер көлемі (2417, 3 мың шаршы шақырым);
 7. Туған жердей жер болмас, ... (Туған елдей ел болмас);
 8. Қазақ жеріндегі ғарыш айлағы (Байқоңыр);
 9. Әнұран авторлары (Ж. Нәжімеденов, Н.Ә. Назарбаев);
 10. Жаңа Ата заңымыз қабылданған жыл (1995 жылы, 30 тамыз).
- ### 4. «Тарихи тұлғалар немесе әдеби кейіпкерлер» деп аталатын бұл бөлімде оқушыларымыздың білімдерін тексеріп көрейік:
1. «Қарлығаш әулие» атанған шешен кім? (*Төле би*)
 2. «Езілген қазақ елінің Бағы үшін туған ер» деп кімді жырлаған? (*Амангелді*)
 3. Қазақтың асқан ақылгөй жырауы кім? (*Бұқар жырау*)

4. «Ерлігіне ақылы сай батыр бастаған іс қашанда халық тілегінен шыққан. Үнемі жақсылықпен бітіп отырған». Бұл қай мәтіннен және кімге байланысты айтылған? («Ақжолтай Ағыбай батыр»)

5. «Отан үшін отқа түс, күймейсің. Арың үшін алыссаң, өлмейсің» деген қай батырдың сөзі? (Бауыржан Момышұлы)

6. «Үш бәйтерек» аталған қайраткерлер кімдер? (Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров)

7. «Қансонарда бүркітші шығарды аңға» өлеңінің авторы кім? (Абай)

5. Қорытынды: Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жетістіктеріміз. Сәйкестендіру арқылы жылдар мен атаулы күндерді анықтау.

Жылдар	Атаулы күндер
1991 жыл, 29 тамыз	ҚР тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаев сайланды.
1991 жыл, 2 қазан	Ұлттық валюта – Теңгенің айналысқа енгізілуі.
1991 жыл, 1 желтоқсан	ҚР тәуелсіздік күні.
1991 жыл, 10 желтоқсан	Семей полигоны жабылды.
1991 жыл, 16 желтоқсан	Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа ұшты.
1992 жыл, 2 наурыз	Қазақ КСР-нің Қазақстан Республикасы болып аталуы.

1992 жыл, 4 маусым	Жаңа Ата заңымыз қабылданды.
1992 жыл, 7 мамыр	ҚР Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болды.
1993 жыл, 15 қараша	ҚР Қорғаныс министрлігі құрылды.
1995 жыл, 30 тамыз	ҚР Мемлекеттік рәміздері бекітілді.

Тақтадағы тәуелсіздіктің шежіре ағашына тәуелсіз елімізге деген өз тілектеріңді арнап, жазсандар деймін.

(Тәуелсіздіктің шежіре ағашына өздерінің жүрекжарды тілектерін жазады)

Тәрбиеші:

Құтты болсын мерейтойым мерейлі, Бейбіт күннің нұры мәңгі сөнбейді. Байрағымыз желбірейді биікте, Мен қазақпын, қазақ атым өлмейді. Егеменмін, тәуелсізбін, еркінмін, Өсе берсін ұландары елімнің. Қазақстан қарыштай бер гүлденіп, Атамекен қастер тұтар киелім. Елдігіміз бен бірлігімізді, ынтымақ пен татулығымызды айқындайтын егемендігіміз мәңгілік, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай! Тәуелсіздігіміз баянды болсын!

Ж. МАМБЕТОВА,
М. Өтемісұлы атындағы облыстық
сауықтыру мектеп-интернатының
сынып тәрбиешісі.
Б. САТТЫКОВА,
М. Өтемісұлы атындағы облыстық
сауықтыру мектеп-интернаты сынып
жетекшісі.

Орал қаласы,
Батыс Қазақстан облысы.

Менің елім – Қазақстан

Сабақтың мақсаты: балалардың республика рәміздері туралы білімдерін бекіту; ойын мақал-мәтел, өлең-тақпақтар арқылы сөздік қорын дамыту; туған елін жерін сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар: Қазақстан картасы, ҚР рәміздері, жан-жануарлар суреті, сюрприздік сәттер қолдану.



Сабақ әнұран айтумен басталады.

Сырттан есік қағылып, ішке ит кіреді. Ит өзімен бірге сандық ұстап келеді.

- Балалар, сәлеметсіздер ме?

- Сәлеметсіз бе.

- Төрлетіңіз, қонақ болыңыз!

Ит: Мына сандықтың ішінде сендерге қоятын көптеген сұрақтарым бар. Егер сол сұраққа тез жауап берсеңіздер қонақ болып қалайын.



«Тез ойла» деген ойын ойналады.

Ойынның мақсаты: сұрақтарға дұрыс жауап беру арқылы баланың ой-өрісін дамыту.

1. Қазір жылдың қай мезгілі?

2. Біз қандай республикада тұрамыз, ұлтымыз кім?

3. Қазақстанның астанасы қай қала?

4. Қазақстанның елбасы кім?

5. Қазақстанның туының түсі қандай?

6. Өзің қай қалада тұрасың?

Итті төрге шақырамыз.

Отан – анаң қамқоршың,

Отаныңды сүйе біл,

Туған Отанымыз – Қазақстан.

Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет болды, елімізде ата-заңымыз, тіліміз, дініміз, төл теңгеміз, мемлекеттік рәміздері қабылданды. Біздің елде басқа да ұлт өкілдері тұрады. Балалар, барлығымыз Қазақстан картасына назар аударайық.

Қазақстан жері кең-байтақ. Қай жерде қала, теңіз, көл, т.б. қазына-байлықтары бар екендігін картадан білеміз. Балалар, республикамыздың рәміздерін еске түсірейік.

Балалар: Елтаңба, ту, әнұран.

Тәрбиеші:

Балалар, отан, елтаңбамыз туралы тақпақтар айтайық.

1. Сүйікті туған ел,



Шарықтап өсе бер.
Ардақты ата-ана,
Азаттық күресте,
Шынығып өскен ел.
2. Сүйікті туған ел,
Бауырында айдын-көл.
Жаһанда сендей бір,
Мақтауға тұрарлық,
Сүйкімді бар ма жер?
3. Елтаңбасы елімнің,
Неткен әйбат әдемі.
Тұнығындай көңілдің,
Ортада аспан әдемі.
4. Көк аспандай көкпеңбек,
Қазақстан жалауы.
Көк емес ол тектен-тек,
Елдің ашық қабағы!

Сергіту сәті:

Көк байрақ, желбіре,
Асқақтап аспанда.
Жас ұлан ел бірге,
Сап түзе, жасқанба.

Ойын «Кім шапшаң?».

Сөздерге антонимдер ойлап табу,
балалардың тез ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиеші: Балалар, қазір дауыстап
сөздер айтамын, ал сендер сол сөздер-
дің қарама-қарсы мағынасында сөз-
дерді айтасындар.

Тәрбиеші: Ақ.

Балалар: Қара.

Жуан — жіңішке

Жылы — салқын

Таза — лас

Ал енді, балалар, бір-бірімізге жұм-
бақ жасырайық.

Бір бала жұмбақ айтса, екінші бала
шешуін тапсын.

«Ойна да ойлан»

1-бала: Басында мүйізі бар,
Кезекті бір жануар. (Сиыр)

2-бала: Үстінде тоны бар,
Кішкене ғана бойы бар. (Қой)

3-бала: Айналдырып киген тоны
бар,
Үстінде екі тауы бар. (Түйе)

4-бала: Басында таяғы бар, төрт
аяғы бар,

Адам деуге болмайды,
Бірақ сақалы бар. (Ешкі)

Қонақтарға жұмбақ.

Ортаға жайылған көк майса шөпке,
шешуін тапқан балалар, малдарды өз
колдарымен қояды.

Бір-екі бала туған жерінің байлығын
мақтан етіп, тақпақ оқиды.

1. Менің елім — алып ел,
Бақша да бар, бау да бар.
Бар ғой онда бәрі де,
Орман да бар, қырат та бар.
Өзен де бар, тау да бар.

2. Шалғын да бар, көл де бар,
Теңіз де бар, шөл де бар.
Алуан құс пен аңы бар,
Дөңес те бар, тау да бар,
Алып елді танып ал!

Тәрбиеші: Балалар, бүгін сабағымыз
не туралы болды?

Балалардың жауабын тыңдап бо-
лып, балалар марапатталады.

Айбарша
МЕНДІҚАРАЕВА,
«Қарлығаш» балабақшасының
тәрбиешісі.
Арал қаласы,
Қызылорда облысы.

Қазақстан – Республикам менің!

Мақсаты:

Білімділік: еліміздің тарихы туралы түсінік беру, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру;

Дамытушылық: тіл мәдениетін, ойын нақты жеткізуге қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту;

Тәрбиелік: туған жерін, елін сүйуге, оған құрметпен қарауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ҚР картасы, туы, елтаңбасы; Н.Ә. Назарбаевтың суреті, шарлар.

Барысы:

1. Құрметті ұстаздар мен тәуелсіз еліміздің ұлағатты ұрпақтары! Бүгінгі Республика күніне арналған «Қазақстан – Республикам менің!» атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймын.

Отан... Отан

Сен болмасаң, нетер ем?

Өмірден бұл өксіменен өтер ем, - деп бәріңізді республикамыздың рәміздерін құрмет тұту рәсіміне шақырамын, бәріміздің мемлекеттік әнұранымызды айтайық.

2. Әнұран орындау.

3. Оқушыларға сұрақтар қою:

- Біз қай ұлтпыз?

- Қандай Республикада тұрамыз?

- Президентіміз кім?

- Астанамыз қай қала?

4. - Қазақ халқы еркіндікке жетуі үшін қаншама қиын-қыстау кезеңдерді бастан кешірді.

XV ғасырда Қазақ хандығы құрылды. Алайда тәуелсіз қазақ мемлекеті

бейбіт өмір сүре алмады. Ұлан байтақ елімізге жан-жақтан көз тігіп ойран салушылар көбейді. Қаннен қаперсіз жатқан елімізге жоңғар қалмақтары тұтқиылдан шабуыл жасады, қалың қазақ жұртын қан жылатты. XVIII ғасырдың басында дүрліккен ел шұбыра қашып «Ақтабан шұбырынды» болды. Қаратаудың баурайында қалың қазақ бас қосты. (Көрініс)

XVIII-XIX ғасырда халқымыз еркіндік пен тәуелсіздігінен айырылды. Көмек көрсетеді деген Ресей қазақ халқын аздыра бастады. Халқымыздың басындағы қара тұман серпілмеді.

1923-1933 жылдар аралығы қазақ үшін нәубет жылдар болды, адам жанын түршіктірер ашаршылық болды, қазақ қырғынға, босқындыққа ұшырады.

1941-1945 жылдар аралығында болған алапат соғыста қазақ батырлары фашизмнен бүкіл адамзатты қорғап ерлік көрсетті.

1986 жылы «Желтоқсан» оқиғасы болды. Егемендігін аңсаған жастар алаңға шықты, ұлттық намысты әлемге паш етті. «Жер болса, ел болады, ел болса ер болады» дегендей ерлеріміздің арқасында Қазақстан егеменді ел болды. Қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы жүзеге асты. Дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан Республикасы келді.

Қазақстан Республикасы – Еуразияның орталық бөлігінде орналасқан. ҚР жер көлемі – 2724 мың шар-

шы шақырым, халқының саны — 16 млн. асады.

«Мен қазақтың ұланы» атты өлең оқылады.

Мен қазақпын, ұланымын елімнің,
Мен қазақпын, тірегімін жерімнің.
Ұланымын туын көкке көтерген.
Болашаққа алға бастап жетелер.

Қиындығын қазағымның әрқашан,
Қайыспайтын қара нардай көтерер.
Көз тойғысыз қазағымның жері бар,
Ну орманы, тауы, өзені, көлі бар.
Қазағымның жерін, елін қорғайтын,
Жас жеткіншек, ұланы бар, ері бар.

Міне, осындай егеменді еліміз,
Кең жазира ұлан байтақ жеріміз.
Туған елін, туған жерін сүйетін,
Біз қазақтың ұланымыз, еріміз.
5. Өткен жылдар жемісі.

6. ҚР Туы, Елтаңбасы және Гимні бар. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы осы рәміздерді құрметтеуге және мазмұнын толықтай білуге міндетті.

Тудың мазмұны туралы айтып беру.
Елтаңбаның мазмұны айтып беру.
Гимннің мазмұнын айтып беру.

7. — Балалар, бүгін сендер Қазақстан туралы көп мағлұмат алдыңдар. Мен өздеріңе арнап тілек ағашын ектім, соған тілектерімізді айтып ақ шүберек байлайық. Бірінші мен бастайын.

1. Қазақстан дейтін менің бар елім;
2. Жатыр алып жарты дүние әлемін;
3. Бұл далада атам қолға ту алған;
4. Бұл далаға жылап келіп уанғам;
5. Бұл даланы көріп алғаш қуанғам;
6. Бұл далада өскен жанда жоқ арман;

7. Аспанымыз ашық болсын!
8. Бейбіт тыныш заман болсын;
9. Елбасымыз аман болсын;
10. Мектебіміз өркендей берсін;
11. Ата-анамыз аман болсын!
12. Ауылымыз гүлдене берсін!
13. Осы тілектеріміз қабыл болсын!

«Қаражорға» биі биленеді.

«Атамекен» әні орындалады.

Перизат Құрмашқызы САСЕНОВА,
Горный орта мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі.

Байқошқар ауылы,
Аягөз ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы.

Мемлекеттік рәміздер



Гульшат
ЖАНУЛОВА,
№21 орта
мектебінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Жезқазған қаласы,
Қарағанды облысы.

Мақсаты: оқушыларды Отанды сүйуге, құрметтеп қастерлеуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, өз елін, тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ҚР рәміздері, суреттер, буклет, нақыл сөздер.

Әдісі: әңгімелеу, әдеби-сазды монтаж.

Мұғалім: Қазақстан Республикасы — біздің туып өскен жеріміз, біздің Отанымыз. Бұл жерде қазақ халқы ертеден тұрып келеді. Қазақтар мал өсіріп, жер игеріп, өз Отанын жаудан қорғаған, жерін болашақ ұрпағына мұра етіп қалдырған, яғни сендер үшін!



Қазіргі кезде сендер ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар, білім алуға сендер үшін мүмкіндік мол.

Сендер көп уақытты достарыңмен, туған-туыстарыңмен өткізесің, көңілді мерекелерді асыға күтесіңдер. Сендерге қандай мерекелер ұнайды? Оларды қалай тойлайсыңдар? Әрине, барлық мерекелер жақсы. Бірақ олардың ішінде біздің мемлекетіміз үшін маңыздылары бар. Олар — ҚР тәуелсіздік күні, Республика күні, Ата Заңымыз — Конституция күні. Бүгінгі тәрбие сағатымыз осы мерекеге арналады.

1-оқушы:

Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін!
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған.
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!
Біздің планетамызда 6 миллиард-
тан астам адам тұрады. Олар — әр түрлі
мемлекеттің азаматтары. Мемлекет —

адамдарды біріктіретін үлкен отбасы. Дүниеге келген бірінші күннен бастап — сен мемлекеттің қамқорлығыңдасың. Сен Қазақстан Республикасының жас азаматысың! Сендер Ата Занда жазылған құқықтар мен бостандықтарды пайдалана аласың.

Конституция — біздің мемлекетіміздің негізгі Заңы. Бұл — Қазақстан азаматтарының қоғамда өмір сүру ере-

желері. Тәуелсіз Қазақстанның негізгі Конституциясы 1993 жылы 28 қаңтарда, ал жаңа Конституция 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.

2-оқушы:

Келе жатыр керім күн,
Халық сүйген қалаған.
Ата Заңын елімнің
Құрметтейді бар адам.

3-оқушы:

Алтын Заңым қорғайды,
Бар адамның теңдігін.
Әділетті қолдайды,
Арқа тұтып ел бүгін.

4-оқушы:

Ол баршаға жөн нұсқап,
Жетелейді жарыққа.

Елбасы оны қолға ұстап,
Ант береді халыққа.

ҚР Конституциясы

34-бап, 1-бөлім: «Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті»

Ежелгі заманнан әр тайпалар мен руларды біріктіретін белгілер болған. Белгілер — сөздердің орнына қолданылатын таңбалар. Бір топ адамдар үшін қолданылған белгілер — бір мағынаны білдіреді. Ал, рәміздер — белгілі топтар бейнесінің бірігуі. Бүгін әрбір мемлекеттің ғасырлық тарихына байланысты рәміздері бар. Мемлекеттік рәміздер — Ту, Елтаңба, Әнұ-

ран. Бұл халық бірлігінің белгілері. Қазақстан Республикасының да өз рәміздері бар.

5-оқушы:

Желбірейді шалықтап,

Қазақстан жалауы.

Көкте қыран қалықтап,

Қанат қағып барады.

6-оқушы:

Көк аспанда нұрлы Күн

Күлімдейді далама.

Бақыт тілеп тұр бүгін

Ол барлық пәк балаға.

7-оқушы:

Ұлттық өрнек мұрамыз,

Адастырмас мұраттай.

Нық көтеріп тұрамыз

Жалауды біз құлатпай!

ҚР Конституциясы

34-бап, 2-бөлім: «Әркім Республиканың мемлекеттік нышандарын құрметтеуге міндетті.»



ҚР Мемлекеттік Туының авторы – суретші Шәкен Ниязбеков.

Мемлекеттік Елтаңбаның авторлары танымал суретшілер – Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов.

8-оқушы:

Бейнелеп сан ғасырды,
Елтаңбасы елімнің.
Таратады хас үлгі
Киесіндей жерімнің.

9-оқушы:

Бабам тұлпар жаратты,
Құлынында танып – ақ.
Тұлпар барда қанатты,
Шайқалмайды шаңырақ..

10-оқушы:

Тәуелсіздік көркі ол да,
Өркениет өрінде.
Нұр төгеді елтаңба
Ақ Орданың төрінде.

Кез келген мемлекеттік рәміздердің ең маңыздысы – әнұран. Әнұран мемлекеттің салтанатты әні. Ол халықты әйгілі етеді. Оның сөздерінде халықтың мыңдаған жылғы тарихы, бүгінгі өмірі мен келешек арманы айтылған. Әнұранды түрегеліп тұрып тыңдайды. Бұл өз мемлекетіне деген құрметті көрсетеді. Алғашқы рет Қазақстан Республикасының Әнұраны ретінде «Менің Қазақстаным» әні 10 қаңтарда 2006 жылы, Елбасын ұлықтау рәсімінде орындалды.

11-оқушы:

Барша халық таныған
Біздің үміт, тілекті.
Шырқалғанда әнұран
Шаттық кернер жүректі.

12-оқушы:

Жеңіс туын көтерген
Жарыстарда сан қилы
Жетіп бізге шет елден,

Көкке әнұран шалқиды.

13-оқушы:

Шәмші атаның сазды үні
Жігер берер қайратты,
Бәрімізді мәз қылып,
Жаңғыртады аймақты.

Сендер үлкен, күшті мемлекет, біздің ортақ үйіміз Қазақстанда тұрасыңдар. Сендер мұнда қанша адам тұратынын білесіңдер ме? 16 миллионнан аса, 130 әр түрлі ұлт өкілдері. Әрбір халықтың салт-дәстүрлері мен тілі бар.

ҚР Конституциясы

7-бап, 1-бөлім: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі»

14-оқушы:

Әркім тілін сүйеді,
Қадірлейміз мұны біз.
Қазақ тілі киелі-
Мемлекеттік тіліміз.

15-оқушы:

Қазына бар бұл тілде
Анам айтқан жыр-әнін.
Жоғалуы мүмкін бе
Өлмейтұғын мұраның?!

16-оқушы:

Өшпейді еш уақытта
Ата-баба аңсары:
Қазақ тілі баршаны
Жеткізеді мұратқа.

Ең бастысы – біз Қазақстан деген ортақ үйімізде әніміз де, сәніміз де жарасып, ынтымақ пен бірліктің нәтижесінде тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз.

Хормен:

Қазақстан!
Туымен тұғырлы.
Елтаңбасымен еңселі.
Әнұранымен айбатты.

Міне, осымен біздің бүгінгі тәрбие сағатымыз аяқталды.

Сыңғырла, соңғы қоңырау!

Фанфар ойнайды, сахнаға екі жүргізуші шығады.

I жүргізуші: Менің Қазақстаным, туған елім, ежелгі дана жерім! Сен маған күш-жігер, қайрат, сенім беріп отырсың. Сенің бауырыңда талай ұлттың баласы ер жетіп, өзіңнің жүрек жылуыңмен аналық мейірімінді сезінеді. Балапандай баптап, ұядан қияға өз қолыңмен мыңдаған ұлдарың мен қыздарыңды биікке самғаттың. Сен мықтысың.

II жүргізуші: Қайырлы күн, құрметті қонақтар, ата-аналар, ұстаздар және оқушылар!

I жүргізуші: Астанамен бірге өсіп,

өркендеп келе жатқан бүгінгі біздің түлектерді ортаға шақырамыз. Ду қол шапалақпен қарсы алайық!

(Бәрі орындарынан тұрып, түлектерді қарсы алады. Түлектер 2-3 қатарға жайғасады)

II жүргізуші: Біздің бүгінгі мерекемізге арнайы келген қадірлі қонақтармен таныстыруға рұқсат етіңіздер.

I жүргізуші: Мектеп бітіруші түлектерге арналған «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты салтанатты жиынымызды ашық деп жариялаймыз.

I жүргізуші:

Мектеп қой еліміздің қаны, жаны,
Мектептен басталады бәрі-бәрі.



Бүгінгі соңғы қоңырау салтанатында,

Шырқалсын Қазақстан Әнұраны!
(Әнұран орындалады)

I жүргізуші:

Ақыл. Сана. Сабыр. Зерттеу. Іздену,
Мұғалімдік табиғаты жалпы — осы.
Махаббаты: бала және Отаны,
Бос уақыты: әрбір түннің жартысы.
Сүйікті ісі: қағаз, кітап қопару,
Демалысы: шәкірттерге хат жазу.

Ұлттық рухтан жан дүниесі құралған,

Ал кәсібі: от беру мен от алу.

1-оқушы:

Өзіңменен өлшеусіз нарқым менің,
Асқар тау, арқа тұтар алтын белім.

Ұядан ұрпағыңды ұшырмаққа,

Қош келдің, айналайын, халқым менің!

2-оқушы:

Өлшеулі ар-намыс пен нарқымыздың,

Қорғаны адамдық пен салтымыздың.

Армысыздар, аяулы ұстаздарым,

Сенері сіздерсіздер, халқымыздың.

3-оқушы: Ұстаздар, жақсы мен жаманды, өтірік пен шындықты ажыратуға үйреткен, **Сіздерге!** (Хор)

4-оқушы: Өткенді айтып, болашаққа ұмтылдырған, **Сіздерге!**

5-оқушы: Ең сүйкімді де талапшыл, мейірімді де ұстамды, **Сіздерге!**

6-оқушы: «Тәуелсіз ел тірегі — білімді ұрпақ десек» күн тәртібіндегі келелі мәселе — білім, ғылым, тәрбие жолына бар ғұмырын арнаған аяулы ұстаздармен қоштасар сәт те келді. Ұстазым, сіз менің барлық ой мен қимыл әрекетіме ақылдың дәнін сеуіп, нұр құйған

тынымсыз лаулаған жалын иесі болдыңыз. Мың алғыс сізге, Ұстазым!

7-оқушы: Ұстаз, сіз біздің кеудемізге білім бұлағын құйдыңыз, зердемізге білім шырағын жақтыңыз, жүрегімізге отаншылдық от маздаттыңыз. **Рахмет сізге, Ұстазым!**

8-оқушы: Иә, «Мұғалімнің бүкіл мақтанышы — шәкіртінде, өзі шашқан ұрпақтардың өсіп өнуінде». Біз сіздердің сенімдеріңізді ақтаймыз.

«Ұстазым» әні орындалады. (Ұстаздарға гүл шоғын ұсыну сәті)

9-оқушы:

Ұстаздарым, неткен асыл жандарсың,

Тілегім сол, үміттерің ақталсын.

Жүздеріңді мұң шалмасын ешқашан,

Қызметіңе талай ұрпақ таңдансын.

10-оқушы: Жас ұрпақтардың қанатын қатайтып, біліммен сусындатуға өз үлесін қосып жүрген ардақты ұстаздар, сіздердің алдарыңызда басымызды иеміз. «Білекке сенген заманда ешкімге есе бермедік, білімге сенер заманда қапы қалып жүрмелік» деген Абылай ханның ұлы сөзін және елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Ел болашағы — білімді ұрпақ қолында» деген нұрлы сөзін өмірлік ұстаным етіп, сенімдеріңізді ақтауға ант етеміз.

11-оқушы: Құрметті ұстаздар, қаншама зиялы да дарынды, өнерлі де жалынды жастардың қанатын қатайтып, қияға ұшырған еңбектеріңіздің мәуелі жемісін көріңіздер! Біз сіздерді ұмытпаймыз.

I жүргізуші:

Алдарыңнан арман жолы ашылады,
Түлектерге бақыт гүлі шашылады.

Қимастықпен мектептің алтын кілтін,
Ізін басар сыныпқа тапсырады.

Мектеп бітіруші түлектер қалыптасқан дәстүр бойынша мектеп-гимназия кілтін ізбасарларына тапсырады.

12-оқушы:

Білімді құйып санаңа,
Шәкірт болыңдар білікті.
Орнымызды нық басар,
Тапсырамыз «Алтын кілтті».

13-оқушы:

Қанатын қағар ақ жолдан,
Болыңдар сендер жаңа ұрпақ.
Жарқырандар жұлдыздай,
Қарасын жұрт таңырқап.
Аяқтап бүгін мектепті,
Тебірендің, толғандың.
Болашағың жарқын боп,
Сәт-сапар болсын жолдарың!

II жүргізуші:

Ата-анаң секілді таза бұлақ,
Перзентің бауырында жайнар құрақ.

Құттықтау сөз кезегін алады енді
Ата-ана, ұл-қызына тілек арнап.

I жүргізуші: Мектеп тіктел, оңға түзел! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы шығарылсын!

II жүргізуші:

Мектеп қайта есігін ашпас енді,
Өмір — ұстаз, ақылды ақ шашуыңды.

Басқаша енді үйретер бар сабағын,
Қоңыраулар соғылар басқаша енді.
Былтырғыдан басқаша биыл демек,
Білімнің мен ақылың, күйің бөлек.
Енді басқа жиын, той, киім керек,
Енді саған шынайы сүю керек.
Сұрақ басқа оп-оңай шешілмейді,
Жаса қанша тентектік, есір мейлі.

Мектептегі мұғалім кешіргенмен,
Өмір қатал бұл күнде кешірмейді.

I жүргізуші:

Мойытпасын қиындықтар сендерді,
Батылдықпен асыңдар сан белдерді.

Біліміңмен қуантсандар мектепті,
Жақсы іспен қуантыңдар елді енді.

II жүргізуші:

Қоштасады алтын ұя мектебің,
Мандайыңнан сипап өтсін көктем күн

«Сәт сапар!» - деп қол бұлғайық бәріміз,

Тілейік біз армандарға жеткенін.

11-сынып түлектері бәрі бірге: «Қош бол, алтын ұя мектебім! Қош болыңдар, ұстаздар!»

Сахнаға қоңырау алып оқушылар шығады.

Түлектер «Қош, біздің түлектер» әнін орындайды.

I жүргізуші: Бұл соңғы қоңырау үні — балалықпен қоштасу, үлкен өмірмен қауышу үні. Үлкен өмірге аттаған қадамдарыңа нұр жаусын, талаптарың оң болсын, жас түлектер!

II жүргізуші: Бүгінгі «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты салтанатты жиынымызды аяқтаймыз. Жолдарыңыз ашық, ақ жол болсын құрметті түлектер!

Ғалияш
Қуанышбекқызы
ӘМРИНА,

№52 мектеп-гимназия директоры.
Гүлзина Әмірханқызы ЖАДАХОВА,
№52 мектеп-гимназия директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.
Нұр-Сұлтан қаласы.

Ұлы Тұлға - Баукең!

(Бауыржан Момышұлының туғанына
110 жыл толуына орай)



Сабақтың мақсаты: қазақ халқының хас батыры, дарынды, тұлға, білікті әскери қолбасшы, көрнекті жазушының кейінгі ұрпаққа қалдырған асыл мұрасынан оқушыға мағлұмат беру;

Дамытушылық: оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, жазушы шығармаларын өмірде алған білімдерін талдап, өз пікірін айтуға дағдыландыру;

Тәрбиелік: Қазақтың бүгінгі ұрпағы Баукеңе қарап өнеге алады. Ерлігін

өз бойларына сіңіруге елжандылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: Бауыржан Момышұлы суреті, нақыл сөздері. Соғыстағы ерліктері суреттері, кітаптары, газет, журналдар. «Артымызда Москва», «Қанмен жазылған кітап», «Генерал Панфилов», «Куба әскерлері», «Жонарқа».

Мұғалім сөзі: Ұлы тұлға, ұлт мақтанышымыз Бауыржан Момышұлының туғанына 110 жыл толуына орай бүгінгі тәрбие сағатымызды бастағалы отырмыз. Халық қастер тұтар перзентінің өнегелі өмір өткелдері қайта жаңғыруда. «Болмысы берен, ерлігі ерен Бауыржан». «Қазақтың қарапайым бір ұлымын, жанымды арым үшін құрбан еткен» деген даналық сөзін жас ұрпақ бойына сіңіре отырып, өмірінен, ерлігінен, нақыл сөздерінен мәлімет беру.

Ғибраты мол, құдіреті биік, әскери тактиканың білгірі, қазақ әдебиетінің асқақ тұлғаларының бірі, қазақтың біртуар ұлы батыр Бауыржан Момышұлының әлемі өткенге де, бүгінге де өсиет.

Бауыржан Момышұлының келіні, жазушы Зейнеп

Ахметова өз сөзінде: «Мен тек атамның келінімін: Атам деген — тірі тарих, шексіз шежіре еді. Ол — өз өмірінде сый-құрметке, қошеметке бөленген адам. Халқымыздың жақсы салттарын сақтап, әдеп пен ізет көрсетуім тіпті



ұнайтын еді», - деп тебіреніспен еске алады.

1-оқушы: *(Баукең өміріне қатысты мына бір сөзді оқиды)* Баукең әскерде болғанына 25 жыл. Осы 25 жылдың ішінде талай қолбасшымен кездескен, талай генералдың қол астында қызмет істеп, тәрбие көрген. Сол кезде әр ұлт адамдарымен қызметтес болғанын өзіне ерекше мектеп деп бағалайды. Отан үшін өз басымды өлімге байлай отырып, мен оларды ажалмен алысуға жұмсадым. «Өз халқын құрметтеп, сүймеген адам — опасыз, оңбаған адам», - дейді өз сөзінде Баукең.

2-оқушы: *(Баукең арналған өлең оқиды)*

Бауыржан Момышұлы — батыр аға,
Бұл өмірден өзінді кетіріп ап,
Келтіре алмай біз жүрміз сахнада.
Ерлігі естен кетпес ел есінде,
Теңіз жоқ тектілікке теңдесуге.
Қаһарың Исатайдың айбарындай,
Мәрттігің Махамбеттің жебесіндей.

3-оқушы: «Қанмен жазылған кітап» жинағында Мәскеу өлкесіндегі қырғын соғыста түн ортасында Десятковқа жатқан 120 немістің бірін қалдырмай қырып тастайды. Ертеңіне Бауыржанды генерал шақырып алып, ол жерге менің рұқсатымсыз неге бардыңыз, менің қай жер болса, сол жерге шаша беретін командирім жоқ. Абырой болғанда аман-есен қайтқаныңызға шүкір, бұдан былай әр додаға кірісе беру жарамайды, - дейді. Осындай асқан ерлігін жоғары бағалап, генерал Бауыржанды сен полк командирі болдың деп құттықтап, «білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады» деген

мақал әр уақытта да есінде болсын, - деп қайталады әскери ақсақал.

4-оқушы: *(Бауыржанның нақыл сөздері)*

Сабырлылық алдында дұшпан сасады, сабырсыздан береке қашады.

Сезімді ақыл мен ерлікке бағындыру қажет.

Табандылық пен өзінді-өзін билеу, өр рух пен қайыспайтын қайсарлық — ерліктің кепілі.

Опасыздық — ойсыздық. Қуыс кеуде болғаннан артық қорқыныш та, қорлық та жоқ.

Надан кісілер менмен, мақтаншақ келеді. Олардың саясатпен ісі жоқ, бар мақсаты — ішіп жеу, киіну. Оған өзге мәселелердің бәріне түкіргені бар.

Тіл дегеніміз — қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры.

Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес. Ана тілімізге мән бермеушілік, оны құрметтемеушілік шынайы патриоттарды тәрбиелеу жұмысына үлкен зиян. Анамыздың ақ сүтінен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту — бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту. Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуі, не шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған, ең алдымен, ата-ана кінәлі. Жақсы сөз жан сүйсіндіреді, құлаққа ұғымды, ойға қонымды келеді.

Мұғалім сөзі: Ұлы Отан соғысының даңқты генералы, әрі атақты жазушысы Петр Вершигора: «Бізге Бауыржан Момышұлының соғыстағы ерліктері белгілі. Жазушы болып екінші ерлік жасады. Екі ерлігі де, менің түсінігім-

ше, бірінен-бірі кем соқпайды», - деген.

Бауыржан — даналықтың, батырлықтың, ер жүректіліктің үлгісін көрсеткен қазақ перзенті. Бауыржан Момышұлының сүйікті жары Жамал апай қызыл шырайлы, дөңгелек жүзді, толықшалау келген қой көзді, қолы ашық, ақ жарқын мінезді, қарапайым адам болған.

4-оқушы: Ақын Мыңбай Рәш ағамыздың мына өлеңін еске түсірейік:

«Есімде түбіндегі Москваның
Ажалдың ысқырығы, ащы жалын.
О, ерлер, Ресей кең.

Жол жоқ артта

Тажалдың танкін қарсы бастырмадың.

Есімде зеңбіректер гүрсілдері,
Қас жаудан калған қаңқа, құр сүлдері.
Генерал Панфиловтан айырылғанда,

Майталман майдангерлер күрсінгені».

(Мыңбай ағаның Баукеңмен кездескендегі «Батыр — дастан» еңбегінен үзінді)

5-оқушы:

«Айқастың арқалаған ауыр жолын,
Ағындат ақ боз атпен Бауыржаным.
Қиында кара нардай қайыспас ер,
Кашан да саған риза бауырларың.
Жасақтап отызында полкті өзі,

Жау-жүрек Жуковка да жолықты өзі.

Бес рет жау құрсауын талқан қылып,

Қайтарып Крюкованы алыпты өзі!»

- деген өлеңін оқығанда Баукең риза болып, «Саған рахмет, қаламың мұқалмасын!» - деп бата береді.

6-оқушы: Мұқағали Мақатаевтың «Мұзбалақ» поэмасындағы Бауыржан Момышұлының бейнесі. Бауыржанның қайталанбас бейнесін сомдауды көздеген, қазақ поэзиясының дүлдүл ақыны Мұқағали «Мұзбалақ» поэмасын 1967 жылы жазған. Ақынның бұл поэмасы қаламы өткірленіп, шеберлігі шындалып түскен кезеңде жазған шығармасы. Батырдың тұлғасын «Мұзбалақ» қыран құс бейнесінде суреттейді.

«Қалықтады мұзбалақ,

Қансоқтыны аңсады.

Қарап шығып жүз қабат,

Қалжырады, шаршады», - деп батыр тұлғасын «Мұзбалақ» түз тағысы арқылы сомдай, биіктете түседі.

7-оқушы:

Мұзбалақтар әсте бір,

Өлексеге түспейді.

Олардікі басқа өмір,

Баска тірлік істейді! - деп батырға тән қасиетті, өр мінезін, асыл қасиетін, өзгеге ұқсамайтын, ұлылық, тәкаппарлық мінез-құлқын шебер суреттейді.

Мұғалім сөзі:

Ұлы тұлға Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының ерлігі мәңгі есімізде! Нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні орасан зор. Ол — жас ұрпақ үшін өнегелі, үлгі болатын ержүрек батыр, қолбасшы.

Сәния БЕКТИЛЕУОВА,

№20 орта мектептің қазақ тілі мен

әдебиеті пәні мұғалімі.

Бесқайнар ауылы,

Талғар ауылы,

Алматы облысы.

Сөз мерген



**Айгул
Токтаровна
КОККОЗОВА,
«Zerdes»
зияткерлік
мектебінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
Бостандық
ауданы,
Алматы қаласы.**

Сабақтың мақсаты: оқушылардың сөздік қорын молайту. Өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру. Танымдық бағыттағы шығармашылық жұмыстар арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Көрнекілігі: буклеттер мен плакаттар, проектор.

Армысың, ару Күн!

Армысың, жақсы дос!

Бос өтпей әрбір күн

Білімге білім қос!

*«Тіл қаруы — сөз, сөз қаруы — ой.
Ақылды ой, алғыр сөз — адамның ең
жоғарғы қасиеті».*

Ғ. Мұстафин.

I. «Сөз сандық». Сөздердің мағынасын түсіндіру.

Тапсырма:

Зиялы — оқыған, білімді адамдар.

Қабырғаң әлі қатпаған — әлі жасың.

Баланың тілін сындыру — баланы оқыту, мектепке әкелу.

Кербез — тәкаппар, сұлу.

Тепсе, темір үзетін — мықты, күшті.

Тағатсыздану — шыдамсыздану.

Ит өлген жер — өте алыс жер.

II. «Аманат».

1-тапсырма: Берілген үзіндінің тақырыбын, авторын табу.

«Кел!» дегендей болды Көкше.

«Кеудеме жат!» дегендей болды Көкше.

«Күмбезіме шық!» дегендей болды Көкше.

«Көкке төбенді тигізейін!» дегендей болды Көкше.

2-тапсырма: Берілген үзіндінің тақырыбын, авторын табу.

Сен ғылымға болсаң ынтық,

Бұл сөзімді әбден ұқ:

3-тапсырма: Берілген үзіндінің тақырыбын, авторын табу.

... Әкем маған жастайымнан қазақша жыл қайыруды, күн мен ай аттарын жаттатты. «Тышқан жылы, сиыр жылы, ...».

4-тапсырма: Берілген үзіндінің тақырыбын, авторын табу.

Дөң астынан ат дүрсілі естілді. Бала құлағын тосып, бар назарымен тыңдай қалды. Ат тұяғының дүрсілі бірден-бірге таяна түсті.

5-тапсырма: Берілген үзіндінің тақырыбын, авторын табу.

- Нан анасы — Бидаймын,

Елге астық сыйлаймын.

Дәнім толып, піскенде,

Қауызыма сыймаймын.

Оқушылардың әдептілік туралы өлендеріне кезек беру.

1-оқушы:

Жаксылықтан үйреніп,

Боламыз біз жақсы адам.

Жамандықтан жиреніп,
Үлгі аламыз жақсыдан.

2-оқушы:

Жақсы болу өзіңнен,
Жаман болу өзіңнен.
Өзіңді өзің ая да,
Өзің үйрен өзіңнен.

3-оқушы:

Жамандық көрсең біреуден,
Мен қандаймын деп ойла.
Жақсылық көрсең біреуден,
Мен қандаймын деп ойла.

4-оқушы:

Жақсылыққа құштармыз,
Жақсы адам болып шығамыз.
Таза сәби жүректен,
Қабылдаңыз мың алғыс.

5-оқушы:

Дастархан басында,
Әдептен біз озбайық.
Үлкендердің қасында,
Қолды бұрын созбайық.

6-оқушы:

Қолғабысқа жараймыз,
Тазалықты қалаймыз.
Ана еңбегін сыйлаймыз,
Үйдің ішін жинаймыз.

7-оқушы:

Кіші үлкенді сыйласа,
Кім үлкенді тыңдаса.
Сөйтіп болмақ өзі де,
Үлкен болған кезінде.

8-оқушы:

Қарсы алдынан кесіп өтпей көлде-
нең,
Қашанда мен үлкендерге жол берем.
Абайсызда қалса біреу сүрініп,
Сол заматта сүйеніш болып қол бе-
рем.

9-оқушы:

Тілін алып кішінің де, кәрінің,
Көңілінен шығып жүрмін бәрінің.

Ата-ананың айтқан сөзін тындауды,
Әдептілік белгісі деп таныдым.

III. «Өлең – сөздің патшасы»

1-тапсырма:

Берілген үзіндіні жалғастыр:
- Уа, менің байтақ далам,
жалпақ далам,
Төсінді мал таптаған,
жан таппаған...

2-тапсырма:

Берілген үзіндіні жалғастыр:
- Әр дәуірдің еркіне сай
нарқы өзгерген алтынның,
Айналайын алтын әнім,
жас өркені халқымның.

3-тапсырма:

Берілген үзіндіні жалғастыр:
- Екі көзің не үшін керек?

4-тапсырма:

Берілген үзіндіні жалғастыр:
«Сіз», «біз» деген – жылы сөз,
Жылытады жүректі.

IV. «Мақалды жалғастыр»

1. Сулы жер - ...
2. Көлдің көркі – құрақ,....
3. Өнерлінің қолы – алтын, ...
4. Ақыл жастан шығар, ...

V. «Мақалды тап»

Тапсырма:

Бала	
Кітап	мақтатар
Ұстаз	

(Жақсы бала – ата-анасын мақта-
тар,

Жаман бала – ата-анасын қақсатар)

Бидай	
Жүгері	тегін
Егін	

(Ексең егін – ішерсің тегін)

VI. «Болмасаң да ұқсап бақ»

«Сөз өнері — өнер атаулының ең қиыны және күрделісі», дегендей өлең құрау.

1. Далалар

Балалар

2. Ойнаймыз

Жайнаймыз

VII. «Ұшқыр ой»

Тапсырма:

Суреттер бойынша әңгіме құраңдар.

«Білім — іштегі нұр,

Өнер сыртқа салынған түр», дегендей.

VIII. «Ән көкпар»

Тапсырма:

Абай; Мұқағали; Халық әндері; Ана туралы ән.

IX. «Нағыз қазақ — домбыра».

Тапсырма: 1. Халық әндері; 2. Күйлер орындау.

Бағалау.

Қорытынды.

Интеллектуалды ойын-сайыс



Динара
Маратовна
КАЙЫПОВА,

«Zerdesh»

Зияткерлік

мектебінің

ағылшын тілі пәні

мұғалімі.

Бостандық ауданы,

Алматы қаласы.

Мақсаты: оқушылардың білімдерін, ақыл-ойын, шешендік өнерін тексере отырып, ізденімпаздыққа, өз бетімен білім алуға тәрбиелеу. Білім — болашаққа жарық жол екенін түсіндіру.

Көрнекілігі: «Болашақ» тақырыбы, нақыл сөздер, буклет, шарлар.

- Құрметті қонақтар, ұстаздар, ата-аналар! Бастауыш сыныптар арасындағы интеллектуалды ойын-сайысына қош келдіңіздер.

«Ақыл мен ой, терең білім — адамның сәулеті» дейді халық нақылы. Олай болса, ақыл-ойын, терең білі-

мін көрсетер сайыскерлерімізді ортаға шақырайық.

Ойын-сайысымыз 5 бөлімнен тұрады.

I бөлім — «Қызықты жетілік»

II бөлім — «Кім жылдам?»

III бөлім — «Полиглот»

IV бөлім — «Сыналар сәт»

V бөлім — «Шешен».

Ойын шарты мынандай:

Алғашқы 2 бөлімнен кейін ұпайы аз 6 оқушы, ал III бөлімнен кейін ұпайы аз тағы 4 оқушы ойыннан шығады. IV-V бөлімде 2 оқушы сайысқа түседі.

Енді өздеріңнің білімдеріңді сарапқа салар сарапшылар алқасымен таныстырайын.

Енді реттік номерлеріңді анықтап алайық.

Ал енді, оқушылар, өздеріңе арналған тілек ән «Жұлдыздарым жайнаңдар».

Сонымен өздеріңе сәттілік тілей отырып, сайысымызды бастаймыз.

I бөлім. «Қызықты жетілік».

Бұл бөлімде негізгі 4 пәннен сұрақтар қойылады. Әр дұрыс жауапқа 10 балл.

1 сұрақ:

Ана тіл деп атаудың себебі —

Анамыздай қастерлесін дегені.

Өз анасын сыйлайтұғын әр адам

Өз тілін де құрметтесін дегені, - деп әдебиеттік оқу пәнінен сұрақтар қойылады.

2 сұрақ: «Тіл қаруы — сөз, сөз қаруы — ой» демекші, қазақ тілі пәнінен сұрақтар қойылады.

3 сұрақ: «Математика — ақыл-ойдың гимнастикасы, ғылымдардың патшасы» демекші, математика пәнінен сұрақтар қойылады.

4 сұрақ: «Табиғат — тіршіліктің бесігісің» дей келе, дүниетану пәнінен сұрақтар қойылады.

II бөлім. «Кім жылдам?». Бұл бөлімде сұрақтар оқылады. Жауапты тапқан бала сигналды карталарын көтереді. Дұрыс жауапқа 10 балл.

(Ұнайы аз 6 оқушымен қоштасу)

III бөлім. «Полиглот». Бұл бөлімде берілген сұраққа дұрыс жауап тауып, сол жауапты 3 тілде, яғни қазақша, орысша, ағылшынша аудармасымен айту керек.

IV бөлім. «Сыналар сәт» деп аталады. Бұл бөлімде 2 тақырып беріледі. Сайысушылар өз қалаулары бойынша 1 тақырып таңдайды.

1. Жалпы сұрақтар.

2. Жанды сұрақтар. (Ұнайы аз 4 оқушымен қоштасу)

V бөлім. «Шешен». «Ақылды ой, алғыр сөз — адамның ең жоғары қасиеті», - деп Ғабиден Мұстафин айтқан-

дай, екі оқушының да шешендік өнері сынға түседі. Оқушылар, тақырып таңдаңыздар.

I тақырып — «Білім — болашаққа жарқын жол».

II тақырып — «Сүйемін туған тілді — анам тілін».

(Қорытынды шығару, сарапшылар сөзі)

I бөлім. Әдебиеттік оқу пәні бойынша:

1. Үш биді ата;

2. Бұқар жыраудың жырларына арқау болған қазақ батырлары?

3. «Әліпби», «Тіл құралы» еңбектерінің авторы?

4. «Қалмақ қырған» қай жерде болды?

5. Портрет дегеніміз не?

6. Әл-Фарабидің туған жері?

7. Әбілмансұр кімнің шын аты еді?

8. Қобыланды батырдың аты?

9. «Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғалымды көрсеніз» кімнің сөзі?

10. «Желаяқ» шығармасы кім туралы?

Қазақ тілі пәні бойынша:

1. Сын есімді тап. Әдепті бала — арлы бала.

2. Сөздің түбірін тап. Оқушы

3. Қуыршақ, шаңырақ, түйе, сандық сөздері қай сөз табына жатады?

4. Қазақ алфавитінде неше әріп бар? Бірінші әріп? Соңғы әріп?

5. Дауыссыз дыбыстардың түрлері?

6. Мына сөйлемнен сан есімді тап?

Бір жылда он екі ай бар.

7. Дауысты дыбыстар түрлері?

8. Етістіктің сұрақтары?

9. Тұрлаулы мүшелерді ата.

10. Мәтіннің түрлерін ата.

Математика пәні бойынша:

1. Тік төртбұрыштың ауданын қалай табамыз?

2. 7 ц-де неше кг бар?

3. 2 тәулікте неше сағат бар?

4. Периметр дегеніміз не?

5. Ең үлкен үш таңбалы сан?

6. Тік төртбұрыштың ұзындығы 5 см, ені 4 см. Ауданы?

7. Қабырғасы 6 см шаршының периметрі?

8. 50 мен 30-дың қосындысын 10-ға бөлгенде мәні қанша?

9. Ең кіші төрт таңбалы сан?

10. 7^2 - ?

Дүниетану пәні бойынша:

1. Өкпе қандай мүше?

2. Ағаш, қасқыр қандай дене?

3. Бауыр қандай мүше?

4. Адам денесінің тірегі?

5. Алтын, күміс қандай металл?

6. Ауаның бір жерден екінші жерге ауысуы?

7. Қандай ауа жеңіл болады?

8. Көкжиек тұстарын қандай құрал арқылы бағдарлайды?

9. Қосмекенді жануар?

10. Пайдалы қазбалардың түрлерін ата.

II бөлім. «Кім жылдам?»

1. Жылдың соңғы айы?

2. «Ж»-дан басталса жыл мезгілі, «Қ»-дан басталса құс белгілі. Ол қай сөздер?

3. Жылдан құр қалған жануар?

4. Бір адам бір нанды 1 сағатта жесе, 5 адам 5 нанды неше сағатта жейді?

5. Киім тігіп, қадамайды түймесін, Сөйте тұра тастамайды инесін.

6. Егер Айдар жарыста басынан да, соңынан да санағанда 3-ші болса, жарысқа неше адам қатысқан?

7. Думанның 7 таяқшасы бар еді. Ол біреуін қак бөлді. Енді Думанның таяқшасы нешеу болды?

8. 303 санын басынан оқыса да, соңынан оқыса да бірдей сан оқылады. Осындай мысал келтір.

9. Тоғыз қоянның барлығы неше құлағы бар?

10. 4 лақтың неше аяғы бар?

III бөлім. Полиглот.

1. Ақ, қызыл, сары, көк түрлері бар, Хош иісі мен әдемі түрі көздің жауын алар?

2. Бетін адам ашады,

Білім нұрын шашады.

3. ...ы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды.

4. Әке — асқар тау,

... — бауырындағы бұлақ,

Бала — жағасындағы құрақ.

5. ... — кеме, білім — теңіз.

IV бөлім. «Сыналар сәт».

1. Жанды сұрақтар.

2. Жалпы сұрақтар.

1. Гимнның авторлары?

2. Қай сан 5-ке бөлінеді? 53, 80, 32.

3. Құрманғазының қандай күйлерін білесің?

4. Қазақстанда неше облыс бар? Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы қай қала?

5. Тәуліктің 4-тен бір бөлігі неше сағат?

6. «Тәуелсіздік монументі» қай қалада?

IV бөлім. «Шешен».

I тақырып — «Білім — болашаққа жарқын жол».

II тақырып — «Сүйемін туған тілді — анам тілін».

III тақырып — «Тәуелсіздік — қас-терлі ұғым».

Шаңырақ сайысы

Мақсаты: ата-аналарды сынып, мектеп өміріне қалыптастыру, балаларды дұрыс тәрбиеге баулу; ата-аналарды балалармен бірлескен әрекетке тарту; ұйымшылдық, қызығушылық; көркемдік-шығармашылық сөздерін дамыту.

Ақпарат құралдары:

Безендірілген сынып, жанұяның альбомы, жеті атаның түбірлері, үлестірмелі материалдар, ұнтаспа, маркерлер, таза альбомдық бет.

Мереке тойбастар әнімен басталып, шашу шашылып, отбасылар ортаға шақырылады.

1. Ұйымдастыру: залды безендіріп, отбасыларды үстел үстіне отырғызу. Әр отбасы бөлек отырғызылады.

2. Негізгі бөлім:

1-жүргізуші:

Армысыздар, ағайын, ата-аналар!

Бармысыздар жанкүйер, өз қауымдас!

Бүгінгі кеш әуенін біз бастайық
Сайыста көңілменен қол соғайық!

2-жүргізуші:

Біздерде ойын-сауық басталады,
Тамаша күй тартылып, ән салады.
Қошеметтеп, қол соғып отыралық
Ұмытарсыз күн бойғы шаршағанды.

Ұстаз:

- Құрметті ұстаздар мен көрермендер! Бүгінгі «Шаңырақ сайысы» атты байқауға қош келіпсіздер! Менің ойымша, бұл — байқау емес, бұл — отбасы мерекесі. Біздің мақсатымыз - ата-аналарды сынып, мектеп өміріне қатыстыру. Олардың арасында дос-

тық, бірлік бар ма екен? Және олардың ақылдылығын, білгіштігін, әртістік қабілеттерін, өзгешеліктерін, досшылдығын көру, әрі қалыптастыру.

Отбасы — адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуіне негіз болып табылады.

1-жүргізуші:

Жауқазындай жайқалған гүлдерміз біз,

Ұтармыз біз, қолдасаңыз сіз.

Бақыт, шаттық, көңілге арман тілеп,
Өмірде болмасыншы ызғар мен сыз.

2-жүргізуші:

Сайыс бағдарламасы 8 байқаудан тұрады деп оларды атап өтейік:

1-сайыс: «Кел, танысайық»; 2-сайыс: «Викторина»; 3-сайыс: «Мәдениет деген не?»; 4-сайыс: «Өнерлі өрге жүзер»; 5-сайыс: «Ән шашу»; 6-сайыс: «Көңілді аспазшы»; 7-сайыс: «Би өнері»; 8-сайыс: «Бояу аралығы».

1-жүргізуші:

Әділ қазы береді,
Өздеріңе сыйлықты.

Бізге айтып береді,

Кім өнерші, кім мықты? - деп әділ-қазылар алқасымен таныстырып өтеді.

Ұстаз:

Деген екен қазақ халқы «Сәлем — сөздің анасы»,

Біледі оны еңкейген қарт, еңбектеген баласы.

Амандасу — ізгіліктің, сыпайылықтың белгісі,

Сәлем достар? Амансың ба? Қалайсың?

1-тур «Кел, танысайық!» (Әр отбасы өздерін таныстырады)

2-жүргізуші:

Келесі тур «**Викторина**» сұрақ-жауап (әр отбасы сұрақтарын алып, жауап береді).

Сұрақтар: №1

1. Әлемдегі ең ірі жануар?
2. Сіздің жұмысқа баратын уақытыңыз. Сізді мектепке міндетті түрде шақыртады. Сіз не істейсіз? Барасыз ба, әлде жұмысқа кетесіз бе?

№2

1. Кіп-кішкентай не керек, Күші бірақ керемет.
2. Сіздерді достарыңыз туған күніне шақырады. Бірақ, сіздің балаларыңыз жалғыз қалады. Сіздер не істейсіздер? Барасыздар ма, әлде бармай қаласыздар ма?

№3

1. Бет-аузыңнан сүйеді, Сүйген жері күйеді.
2. Телеарнадан жақсы концерт болып жатыр. Балаңыз көркем фильм көрем деп сұрап отыр. Сіз не істейсіз?

№4

1. Тас болып туады, Күл болып өледі.
2. Сіздер күні бұрын «Мұзарт» тобының концертіне билет алып қоясыз. Сол баратын күні сіздің бір жақын досыңыз өзінің туған күніне шақырып қалады. Сіздер не істейсіздер? Концертке барасыздар ма, әлде досыңызбен бірге кетесіз бе?

1-жүргізуші:

Сыйлау керек, адамды, сыйлау керек,

Сыйлау деген керек болар жерім үшін.

Мәдениетті ел болу мақсатымыз, Достым менің, сен оны осылай түсін, - дегендей, келесі сайысымызға көшейік, «Мәдениет деген не?» (Мика)

1-жүргізуші:

Он саусақтан өнер тамған шебер болу керемет,

Өлең айтып, би билеп, жасап жатсаң текемет.

Өнерінді көрсетіңіз, қанекей, Сөз берелік отбасыларға жекелеп. Келесі байқау: «Өнерлі өрге жүзер».

2-жүргізуші:

Ақ ниетпен нәр алған, Сенсің менің өлеңім. Әнге бөлеп әлемді, Шымырлатып денемді.

Келесі байқау — «**Ән шашу**». Мұнда 1 отбасы ән бастайды. Келесі жалғастырады.

Ендігі сайысымыз «**Көңілді аспазшы**» ойынын ойнаймыз. Бұл сайыстың шарты — әр отбасы мына үстелде тұрған алжапқышты байлап, орамалды басына тартып, пышақпен 4 картопты үзбей аршып, 2 жуаны әдемі етіп турау керек. Картоптың тазалығына, қабығының үзілмеуіне, жуаның әдемі етіп туралуына әділқазылар өздеріңіз баға бересіздер. Ал, қане, дайын болсаңыздар іске сәттілік тілеп, сайысты бастайық.

1-жүргізуші:

Биші болам болашақта Шарадай, Төземін мен қиын жолға қарамай. Ренжімеймін өтпей қалсам байқаудан,

Қалып жатсам шартына мен жарамай, - деп келесі тур — «**Би өнері**».

Сіздерге қазір әр алуан түрлі әуен қосамыз. Сіздер сол әуенге сәйкес билеулеріңіз қажет. Қай жұп икемді, ырғағына сәйкес, әдемі билейді екен, қазір көреміз. Музыка қосылады.

2-жүргізуші:

Келесі байқауымыз «**Бояу аралығы**» деп аталады. Бұл байқауда әр отбасы көздерін байлап, сурет салады. Ал, енді сурет салуға кірісейік (*музыка әуенімен сурет салынады*).

Жеңістер мен жеңілістен тұратын,

Өмір – күрес, жеткізе ме мұратын?

Жеңбедім, жеңілдім деп ренжімеген,

Қатысу да бір жеңіс, жан болсаң сен ұғатын,

Ортаға әділқазылар алқасын шақырайық!

1-жүргізуші:

Тіршілік – арман, бәрімізге де орын бар,

Басады кейде онсыз да қиын жалын бар,

Қуаныш та бар, өкініш те бар жолдарда

Ұстазым менің, достарым менің

Бәрің де аман болыңдар!

- Осымен сайыс кешіміз аяқталды! Көріскенше, қош-сау болыңыздар!

Анаргүл

Жексенбекқызы

ЖЕТИМЕКОВА,

№25 жалпы білім беретін орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Семей қаласы,

Шығыс Қазақстан облысы.

Бастауышым – балбұлағым



**Салтанат
ЖЕТИЛБАЕВА,**
Бақанас орта
мектебінің
бастауыш
сынып мұғалімі.
Балқаш ауданы,
Алматы
облысы.

Мақсаты: Білімнің сара жолы мектептен басталатынын, білімнің кең дүниеде өмірге есік ашатынын сезіндіру. Білімге деген құштарлығын арттыру, оқуға, білімді болуға шақыру. Ата-ана-

сының, Отанының адал ұл-қызы болуға жетелеу, тәрбиелеу. Ақыл, ой-өрісін дамыту. Бастауыш сыныбымен, білімнің алғаш есігін ашқан ұстаздарымен қоштастыра отырып, жоғары сынып мұғалімдеріне әр баланы өз ерекшелігімен таныта отырып, сәт сапар тілеп, табыстау.

I бөлім. Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Құрметті ата-аналар, ұстаздар, оқушылар! Сіздер «Бастауышым – балбұлағым» атты бастауышпен қоштасу ертеңгілігіне жиналып отырсыздар. Қадамдарыңыз құтты болсын!

Алдарыңызда тұрған балалар осыдан төрт жыл бұрын мектеп табалдырығын жүрексіне аттаған кіп-кішкентай бал-

дырғандар еді. Енді міне, бойлары да, ойлары да өсіп, бастауыш сыныптан білім алып, аяқтап, жоғары сыныпқа өткелі отыр. «Талаптыға нұр жаусын!» деп ертеңгіліктерін ашуға рұқсат етіңіздер!

1-бастаушы:

Армысыздар, мұғалімдер өз жандар!
Білім іздеп инемен құдық қазғандар.
Сан ұрпақты тәрбиелеп оқытқан,
Өмір деген үлкен жолда тарландар.
Бүгін міне, бастауышпен қоштасады балбұлақ,

Әні менен жырына, тарландарым сал құлақ.

Кеше сәби, бүгін міне, жас ұлан,
Лаулап жансын болашағың шамшырақ.

2-бастаушы:

Қош келіпсіз, ақ жаулықты аналар,
Жүздеріңнен мейірім мен нұр тамар.
Алдарыңызда жауқазындай құлпырған,

Біз алаңсыз балғын шақты балалар.
Қош келіпсіз, өр тұлғалы әкелер,
Қыран құстай болашағын мәпелер.
Бүгін міне, бастауышпен қоштасады,

Азамат боп, кешегі сәби-еркелер.

Бастаушылар қосыла: Қош келіпсіздер, құрметті қонақтар!

Хормен:

Мектеп — кеме, білім — теңіз,

Адаспаймыз ұлы жолда.

Барар жерге тез жетеміз,

Ұстаз берген білім қолда.

1-оқушы:

Есімде ұстаздың алғаш қарсы алғаны,

Айқара есік ашып тастағаны.

Бір мереке думан боп осы маңда,

Жетелеп бір сыныпқа алып барғаны.

Енді міне, сағымдай боп өте шықты.
4 жыл уақыт аз ба екен, кім біліпті,
Ұстаз ана жасады мына бізден.
Ел таңғалар азамат бір-бір мықты.

2-оқушы:

Үйретіп бізге алғаш әліппені,
Ұстазым ғылымға жол салып берді.
Адамның ой-арманы, мақсаттары,
Оқудың сәулесімен жарық көрді.

3-оқушы:

Өмірге жол бір өзіңнен бастадым,
Алфавитті жалғыз сенен жаттадым.
Ұстаз ана естен кетпес мәңгілік,
Өтті уақыт осылайша кас-қағым.

4-оқушы:

Жүзің жылы, құшағың кең,
Сенен түлеп ұшамын мен.
Өзің берген біліміңмен,
Биіктерге шығамын мен.

5-оқушы:

Ақылшы асыл ұстазым,
Өзіңе мен де ұқсармын.
Жеткенше қайрат, күш-әлім,
Биікке самғап ұшармын.

«Жарқын жүзді ұстазым» әні орындалады.

1-оқушы:

Байсалды мінезіңнен бір қалыпты,
Менің де көкейімде із қалыпты.
Ұстаттың қағаз, қалам қолыма өзің,
Ерінбей үйреттің де әр әріпті.
Қоссаңдар бірді екіге үш болады,
Деуші едің — біліммен күш толады.

2-оқушы:

Алғыр бол, әдепті бол, сабырлы бол,
Ақылмен іс істесең іс болады.
Беруші ең бізге айтып өлең, тақпақ,
Таласып алушы едік біздер жаттап.
Өзіңіз баға қойған күнделікті,
Жоғалтпай өмір бойы жүрем сақтап.

1-бастаушы:

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, — деп Абай атамыз айтқандай, ұстазымыз жыл бойы білім нәрімен сусындатты, хат танытты, еңбек ете білуге үйретті. Сондықтан да алғашқы ұстазымызға мың алғыс айтып, басымызды иеміз. *(Ата салты бойынша бас ию үлгісін көрсету)*

1-оқушы:

Жырын жаттап жатамыз,
Жалықпастан қыс-жазы.
Ұлы Ыбырай атамыз,
Ұстаздардың ұстазы.
Ұран тастап көп елге,
«Кел, балалар, оқылық!»
Деген сөзін көңілге,
Ықыласпен тоқылық.

2-оқушы:

Оқығаннан кезінде,
Озған алғаш — сол екен!
«Әліппенің» өзін де,
Жазған алғаш сол екен.
Бұларды да мектепте,
Білдік алғаш оқып біз.
Ұлы болып кетсек те,
Ұлы ұстазға шәкіртпіз.

3-оқушы:

Абай - біздің бабамыз,
Өлеңі — ақыл, өзі — аңыз.
Абай — біздің бабамыз,
Өсиетін сондықтан,
Санамызға жазамыз!

4-оқушы:

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол.
Деген жырын Абайдың,
Жиі-жиі ашып көр.
Өтірікпен, өсекпен,
Өмірлері бос өткен.
Адамдарды ұлы Абай,
Шығарыпты есептен.
Еңбекпенен, талаппен,

Әрбір күнін ән еткен.

Балалардан ұлы Абай,

Адамшылық дәм еткен.

«Мұғалім — ол біздің» әні орындалады.

Бастаушы: Бізді болашаққа не бастайды?

Хормен:

Ұстаздың көрсеткен жолы,
Ата-ананың ақылы,
Болашаққа деген сенім.

Бастаушы:

Ұстаздар жаққан шырақты,
Өшірмейік, балалар.
Бәрін-бәрін білесің,
Оқи берсең кітапты.

1-оқушы:

Бастауышым — бастамам,
Білім жолын бастаған.
Білім жолы биікте,
Белінді бу, жас данам.

2-оқушы:

Бастауышым — балбұлағым,
Алдым сенен балдың дәмін.
Әріп танып, білім алып,
Рақметімді жаудырамын.

3-оқушы:

Бастауышым — балбұлағым,
Лаулап жансын шамшырағың.
Өзің берген біліміңмен,
Самғап ұшты тау қыраның.

4-оқушы:

Әріптерді үйретіп,
Жақын болған кім бізге.
Жамандықтан жиреніп,
Ақыл болған кім бізге?
Десек, ол жан-мұғалім,
Таласады, сірә кім?
Қапастағы елдердің.
Мұңын айтқан кім бізге?
Көрікті сан жерлердің,

Сырын айтқан кім бізге?
Десек, ол жан-мұғалім.

5-оқушы:

Таласады, сірә кім?
Аңыз, ертек, ән-жырдың,
Бәрін бойға құйғыздың,
Санамызға сен біздің.
Бар асылды сыйғыздың,
Жақтың білім шырағын,
Рахмет саған, мұғалім!

Өздерің оқыған 8 пәнге сипаттама берейік**Қазақ тілі:**

Екшейді сөз асылын тіл сабағы,
Түзейді талдап тұрып мін-шаланы.
Көкейге себілгендей інжу-маржан,
Кернейді жарқыраған нұр-сананы.

Бейнелеу өнері:

Құлшынтады бізді сурет сабағы,
Тебірентіп ой-қиялды, сананы.
Елестетіп көк тіреген тауларды,
Малы өрген ауыл мен сай-саланы.
Қыл қаламмен езіп тұрып бояуды,
Сызамыз да шексіз байтақ даланы.
Сонан кейін таңдап зәулім үйлерді,
Әдейілеп аралаймыз қаланы.

Математика:

Әуелі жүзге шейін жаттап алғын,
Сонан соң ережелі шартқа бағын.
Екіге бірді қосып молайттағы,
Бесті бұзбай екіні шақтап алғын.
Үшті үшке көбейтіп есем де,
Сегізді төртке бөліп, бапқа барғым.
Тәсілін төрт амалдың игергенің -
- Есеңді бермеу жолын сақтағаның.

Еңбек:

Гүл өсірсең терлеп,
Мұның аты — еңбек.
Кесте тіксең зерлеп,
Мұның аты — еңбек.
Қырға шықсаң өрлеп,

Мұның аты — еңбек.

Қиындықтың бәрін,

Еңбек қана жеңбек.

Дүниетану:

Бұл сабақта елестейді сағым шын,
Алыс-жақын Жер бедерін танысың.
Асқар асып, мұхиттарды кешкен-
дей,

Сезінесің көлдің көркін тау иісін.

Құрылықтың құпиясын білесің.

Бар ма өзіңнің оған қосар үлесің?

Жақсылық пен жамандықты айы-
рып.

Адамдармен бірге өмір сүресің.

Дене тәрбиесі:

Күнде ертемен тұрамын да,
Жуынам тау бұлағына.

Әрлі-берлі жүгіремін,
Дене жазып бүгілемін.

Сосын үйге келемін мен,
Тигендей-ақ төбем күнге.

Көңілім шалқып, мерейім асып,
Мектебіме шығам жолға.

Мендегі әдет күнде осы,
Жаттығу бұл адам досы.

Ана тілі:

Ең бірінші бақытым — Тілім менің,
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.

Кей-кейде дүниеден түңілсем де,
Қасиетті тілімнен түңілмедім.

Музыка:

Көңілді көтереді ән сабағы,

Мұғалім өзі үйретіп ән салады.

Шырқасаң жаңа әнді көкке өрлете,
Тыңдаған үлкен-кіші тамсанады.

Талабы талпындырған өнерпаздар,
Жетеді мұратына жанса бағы.

«Дос болайық бәріміз» әні орындала-
ды.

Пән мұғалімдеріне арнау.

Нұр шуағын түсірген,

Бала жанын түсінген.
Мектепте де, сыртта да,
Үлгі болған ісімен.
Шеберлігін сыйлаған,
Жазира апай сыйлы адам.
Оң жол тілеп шәкіртке,
Жамандыққа қимаған.
Халықпыз берекелі ынтымағы,
Тарайды тәуелсіздік нұр - шуағы.
Талай жыл ұстаздықпен айналысқан,
Тілеубек аға осы жолға ұмтылады.
Ардақты Алтынай апай асқақтаңыз,

Жастық шақта біліммен жалындаңыз.

Қадамыңыз әрқашан құтты болсын,
Ыстық сәлем біздерден қабылдаңыз.

Хормен:

Ұстаздарым көрмей өт жамандықты,

Біз тілейміз сіздерге амандықты.

Айыңыз әрқашанда туып оннан,

Ту етіп ұстаңыз тек адалдықты.

Ендігі әніміз пән мұғалімдеріне арналады.

«Ұстазым» әні хормен орындалады.

Ең үздік информатик



**Самал Ерсайиновна
АХМЕТОВА,
№42 «Ақ ниет»
гимназиясының
информатика пәні
мұғалімі.
Орал қаласы,
Батыс Қазақстан
облысы.**

Жүргізуші:

Мінекей, залда тыныштық,
Естілмейді дыбыс түк.
Мұны бізде қоштаймыз,
Кешіккендерді тоспаймыз.
Ғылымдардың жаңасы,
Дегенмен бала — данасы.
Информатика кешінде,
Ең үздік информатик сайысын бастаймыз!

Сайысты бастамай тұрып әділқазы мүшелерімен танысып алайық.

Әділқазы, ақ қазыға бір сәлем,
Әділдікке бас иеді күллі әлем.
Жүйрік озар сайыстарда неше бір,
Сарапқа сал әділдікпен шеше біл.

Біздің бүгінгі сайысымыздың аты
«Ең үздік информатик» деп аталады.
Мен сендерді бүгінгі сайыстың шарттарымен таныстырайын.

1-кезең. «Өзім туралы».

2-кезең. «Қызықты сұрақтар».

3-кезең. «Ойлан, тап!».

4-кезең. «Жалғастыр».

5-кезең. «Бұл не?».

6-кезең. «Сөз құрастыр».

Өзім туралы сайысында оқушылар өздерін, аты-жөнін, қай сыныптан екендерін таныстырады.

Қызықты сұрақтар сайысы.

• Компьютердің жанындағы өсімдік? (*Кактус*)

Сурет салуға арналған программа?
(*Paint графикалық редакторы*)

- Вирусқа кері әрекет жасайтын программа? (*Антивирус*)
- Көп таралған желі? (*Интернет*)
- 1024 мегабайт неге тең? (*1 гигабайт*)
- Адам ақпаратты қандай сезім мүшелері арқылы алады? (*Көру, есту, иіс сезу, дәм сезу, сипап сезу*)
- Қоршаған ортада болып жатқан хабарлар мен сигналдар. (*Ақпарат*)
- Жойылған объектілер сақталатын орын? (*Қоржын*)
- Компьютердің негізгі құрылғылары. (*Жүйелік блок, монитор пернетақта, тышқан, колонка*)
- Мынау қандай құрылғы? (*Қалам — бұл сымсыз, батарейкасыз жұмыс жасайтын қалам-тышқан. Ол арқылы тақтаға жазу, сызу немесе бір файлды ашу жұмыстары жүргізіледі*)

Келесі сайысымыз «**Ойлан, тап!**» деп аталады бұл сайыста 8 ұяшық берілген сол ұяшықты таңдау арқылы жасырынған жұмбақтарды табуы керек.

1. Биологияда бұл паразит,
Көзге зорға көрінер.
Информатикада өлшем бірлік,
Ақпараттарды өлшер. (*Бит*)
2. Экранның бетінде оның тұрағы,
Қашан болсын жыпылықтап тұрады. (*Меңзер*)
3. Ұзынтұра Жалқаубек,
Тұрмай ылғи жатады.
Қозғала қалса артынан,
Ешбір белгі қалмайды. (*Бос орын*)
4. Егер білсең айта ғойшы,
Бұл қандай құрылғы.

Ақпаратты қағаздағы,
Компьютерге енгізер? (*Сканер*)

5. Батырмасын басасың
Қажетті файлды ашасың. (*Тышқан*)
6. Төртбұрышты әйнек,
Тұнып тұрған әлек. (*Монитор*)
7. Компьютермен енеді,
Қағазға басып береді. (*Принтер*)
8. Пернетақта ауылында тұратын,
Пернелік деген атаның
Бар екен 12 ағайынды
Немерелері алғашқы.
Есімдері де өздерінің бір қызық,
Тек қана «F» (эф) әрпінен басталады. (*Функционалдық пернелер*)

Сайысымыздың үшінші түрі «**Жалғастыр**» деп аталады. Оқушыларға пернетақта деген сөз берілді, сол пернетақтаның соңғы әрпі а болса, а әрпіне байланысты математикада, информатикада қолданылатын сөздерді немесе құрылғыларды атап көрсетуі қажет. Мысалы: пернетақта → ақпарат → тіктөртбұрыш, т.с.с

Келесі сайысымыз «**Бұл не?**» деп аталады, бұнда оқушыларға информатикаға байланысты құралдар жасырылады, сол құрылғының аттарын айтып, қайда? неде? қолданылатынын түсіндірулері қажет.

Соңғы сайысымыз «**Сөз құрастыр**» деп аталады, бұл сайыста ИНФОРМАТИКА деген сөзден оқушылар басқа сөздер құрастыру қажет Мысалы: ақ, марат, т.с.с. сөздер құрастырады.

Болған соң әділқазы мүшелері қорытындысын шығарып, ең үздік информатикті анықтайды.

«Жарайсыңдар» жұптық сайысы

Мақсаты: оқушылардың зеректігін дамытып, ой-өрісін кеңейту, білімге құштарлығын арттыру, озық ойлы оқушыны анықтау. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен байланыстыра отырып, қазақ ұлтына тән имандылық, ибалылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет білдіруге, әдептілікке тәрбиелеу. Мектеп жасындағы жас жеткіншектерді халықтық педагогика бағытына тәрбиелей отырып, ұлттық сананы, халықтық қадір-қасиетімізді ерекше сезінуге баулу.

Көрнекілігі: сайысқа сай өткізілетін орынның безендірілуі, нақыл сөздер, шарлар, т.б.

Барысы:

1. Таныстыру
2. Өз өнерін көрсету
3. «Білгенге маржан...» (сұрақтарға жауап беру)
4. «Кім жылдам?» спорттық ойындар
5. Ситуациялық жағдайдан шығу
6. Үй тапсырмасы «Шығармашылық жұмыс»
7. Сән үлгісін көрсету:
 - а) Қазіргі заман киім үлгісі
 - б) Шаш үлгісі
8. Қорытынды. Марапаттау

Жүргізуші: Армысыздар, өнер сүйер қауым! «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» дегендей халқымыз жас ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Ата-баба үрдісін мектеп-интернатымызда да басты назарда ұстап, түрлі тәрбиелік шаралар ұйымдастырылуда. Соның айғағы ре-

тінде бүгінгі өткелі отырған «ЖАРАЙ-СЫҢДАР!» атты жұптық сайысқа қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Құрметті көрермен қауым! Енді, сайысқа түсетін қыз-жігіттерімізді ортаға қол соғып, қошеметпен шақырайық.

Нұрлы үмітін арқалаған арқаға,
Жан сәулесін таратын баршаға.
Шын пейілмен құрметімізді көрсетіп,

Сайыскерлерді шақырамыз ортаға.
Жұптар ортаға бірінен кейін бірі шығады. Жүргізуші сайыскерлердің нөмірі мен аты-жөнін кезекпен айтып тұрады.

Жүргізуші:
Әрбір сайыс-жарыстарды бағалайтын,
Әрбір жанның өз өнерін даралайтын.

Сәлем бердік әділқазы алқасына,
Баға беріп, бал санаудан жаңылмайтын.

Сайысымызды бастамас бұрын **әділқазылар** алқасымен таныс болыңыздар.

Жүргізуші:
Өзін таныстыру сайысын біз бастайық,

Көрерменді бір серпілтіп тастайық.
Ата-анаң мен жеті атанды атап шық,
Сайыскерлерді ду қол соғып қостайық.

Әр жұп өздерін **таныстырып** өтеді.

Жүргізуші:
Танданайық өнерге тамсанайық,
Бәріміз де қосылып ән салайық.
Шабыттансын, көңіл көтерсін,

Өнерліні мадақтап жар салайық.

Сайысымыздың келесі кезеңінде әр жұп өз өнерлерін көрсетеді.

Жүргізуші:

Жарыста озып шығар жүйріктері,
Әрқайсысы бақтарынан көрер енді.
Қанеки, өрендерім, сайысқа шық,
Таң қалдыр, біліміңмен көрерменді.

Сайысымыздың келесі кезеңі «**Білгенге маржан...**» деп аталады. Бұл кезеңде сайыскерлеріміз өз білімдерін сынға салады. Жұптар кезектесіп сұрақтар алады. 1 үлестірмелі қағазда 2 сұрақтан болады. Бірі салт-дәстүрге байланысты болса, екіншісі еркін тақырыпта.

1. «**Байғазы**» деген не?

2. Қандай жілік қыз балаға берілмейді?

1. «**Сыбаға**» сөзін түсіндір.

2. Төс кімге тартылады?

1. «**Сонар**» деген сөзді қалай түсінесің?

2. «Төрт аяқтыда бота тату, екі аяқтыда бөле тату» деген сөздегі «бөле» кім?

1. **Шарғы** қандай дәстүр?

2. Қазақтарда үй иесінің атауы?

1. **Ерулік** қандай дәстүр?

2. Қалыңдықтың бас киімі

1. **Енші** және **жасау** деген қандай дәстүр?

2. Анаңның әкесі саған кім болады?

Жүргізуші:

Талаптың мініп тұлпарын,

Келдім міне, жарысқа.

Белгісіз кім ұтары,

Түстік міне сайысқа, - дей отырып, сайысымыздың келесі кезеңіне өтеміз. Ол «**Кім жылдам?**» деп аталады. Сайыскерлеріміздің ептіліктерін, жылдамдықтарын байқаймыз.

Жүргізуші:

Жан-жақты болу керек нағыз өрен,
Секілді өткір жүзді бейне ақберен.

Өнерлі, білімді де әрі батыл,

Өнердің әр саласын білер терең.

Сайыскерлеріміздің алдыңғы кезеңдерде білімділіктерін, ептіліктерін, өнерлерін тамашаладық. Өмірде адам басынан түрлі жағдайлар өтеді. Енді қыз-жігіттеріміздің осындай жағдайлардан қалай шығатынын байқап көрейік. Әр жұп өз сыңарларымен ақылдаса отырып, жағдайдан шығу жолдарын қарастырасыңдар.

Жағдаяттар:

1) Саған анаң өзі жұмыстан келгенше үйді жинастырып қоюды тапсырды. Сен достарыңмен ойнап жүріп, бұл істі ұмытып кеттің. Анаң жұмыстан келіп, өзі жинап, сыпырып қойды. Сен келгенде анаң ренжулі. Сенің әрекетің.

2) Бүгін анаң жақсы көретін тамағыңды жасап берді. Сен іні-қарындастарыңмен қосыла жедің де, даладағы ойынға қарай жүгірдің. Сен нені ұмыттың?

3) Сен өте асығыссың, себебі сабаққа үлгеруің керек. Кеше апайыңа «Енді кешікпеймін» деп уәде бергенсің. Көшеде келе жатып байқаусызда бала жетектеген қарияны қағып кеттің. Ол кісі құлап түсті, немересі қорыққанынан жылап жіберді. Сен не істейсің?

4) Сыныпқа кірсең, сенің сыныптастың біреудің сөмкесін ақтарып жатыр. Сен не істейсің?

5) Сыныптас досың үй тапсырмасының орындалмау себебін өтірік айтып, мұғалімді алдады. Сенің әрекетің?

6) Партада сенімен бір бала отырады. Ойнап-ойнап, тапсырмасын

орындамай, жазбай келеді. Сабақты сенің дәптеріңнен көшіріп алады. Бермесен «Сен сараңсың, арамсың» дейді. Сен не істеуің керек?

Жүргізуші: Сайысымыздың келесі шарты бойынша қыз-жігіттеріміз **үй тапсырмасын** көрсетеді. Сайыскерлеріміз үйден дайындап әкелген шығармашылық жұмыстарын таныстырып өтеді.

Жүргізуші:

Өзінің кім екенін танытатын,
Бойына ұлттық киім жарасқандай.
Қазақтың салт-дәстүрін дамытатын,
Болсайшы қыз-жігіттің бәрі осындай.

Сымбатына сән киім жарасатын,
Аспандағы айменен таласатын.
Өнеріне сәні сай келіп тұрған,
Жастарымызға қызыға қарасасың.
Сайысымыздың шарты бойынша

қыз-жігіттеріміз алдымен **ұлттық киім үлгісін**, содан кейін **қазіргі сән үлгісін** көрсетеді.

Жүргізуші:

Ата-баба дәстүрін ұмытпайық,
Ұл-қызымыз салтымызға болсын лайық.

Болашағы елімнің жарқын болсын,
Ұрпағы бүгінгінің бас қосайық - дей отырып, ендігі сөз кезегін әділқазылар алқасына береміз. Әділқазылар өзара пікірлесіп, қорытынды жасаймыз дегенше, кезекті әсем әнге береміз.

Жұлдызай Такирқызы ЕСҚАРАЕВА,
№6 есту қабілеті бұзылған балалардың
арнайы (түзету)
мектеп-интернатының тәлімгері.
Қызылорда қаласы.
Қызылорда облысы.

Азамат елдің көк туы, көгімде мәңгі желбіре!

Елін, жерін сүю мен Отанға деген адалдықтың бір белгісі — мемлекеттік рәміздерімізді қадір тұту болып табылады. Жас ұрпақты елжандылыққа тәрбиелеуде мемлекеттік нышандардың алар орны ерекше.

Тұңғыш Президентіміз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі «Мемлекеттік рәміздер — бұл біздің мемлекеттігіміздің, егемендігіміздің берік негізінің бірі. Олар Тәуелсіздіктің қасиетті біріктіруші образын білдіреді»,

— деген болатын. 1992 жылы 6 маусым күні тәуелсіз еліміздің тұңғыш мемлекеттік рәміздерінің тұсаукесер салтанаты өтіп, сол күні Президент сарайы мен Парламент Үйінің төбесіне Ту көтерілді, Елтаңба орнықты. 6 ай өткен соң 1992 жылы 11 желтоқсанда Мемлекеттік Гимннің мәтіні бекітілді. Ол 2006 жылы қайта өзгеріп, желтоқсан айында жаңа Гимн қабылданды. Содан бері 4 маусым — Мемлекеттік рәміздер күні ретінде аталып келе-



мен аталарымыз сияқты қадірлеуге, сүйуге, қорғауға тиістіміз.

Орал қалалық кітапханалар жүйесінің №13 кітапхана филиалы 4 маусым Мемлекеттік Рәміздер күніне орай «Азат елдің көк туы, көгімде мәңгі желбіре!» танымдық сағатын №5 ЖОББМ жанынан ашылған жазғы мектеп оқушыларының қатысуымен Zoom форматында онлайн өткізді. Шара әнұранмен басталып, тақырып бойынша мағлұмат берілді, оқушылар сұрақ-жауап ойындары мен викторинаға белсене қатысты.



ді. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу тәуелсіз Қазақстанның әрбір азаматының қасиетті борышы. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – елді, халықты, тарихты, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қастерлеу болып табылады. Біздер, тәуелсіз қазақ елінің ұрпағымыз. Сондықтан өз жерімізді, өз елімізді әкелер

Н. САРСЕНГАЛИЕВА,
Орталықтандырылған кітапханалар
жүйесінің
№13 кітапхана филиалының
кітапханашысы.
Орал қаласы.

Жетістікке жетелеген жыл

Міне, тағы бір оқу жылы аяқталды. Осыған орай, Жамбыл облысы, Меркі ауданы білім бөлімінің қосымша білім беру мекемесі Оқушылар «Үміт» сарайында өнерге қанат қаққан өнерлі өрендердің шығармашылығына арналған жылдық қорытынды кеш болып өтті. Өнер мен білімді ұштастыра білген «Үміт» сарайы өнерге, білімге, үйренудің жарқын, қызықты жолы болып табылды. Үкілеген үміттің жемісі мен жеңісін көретін бүгінгі күн — нағыз мереке! Оқушылар биылғы оқу жылының өзінде 95 халықаралық байқауға қатысып, жүлделі орын алды. Талай халықаралық би байқауларында бас жүлдені бағындырып жүрген «Жібек Жолы» бишілері «Шашу» биімен кештің шымылдығын ашты. Фанфар ойналып, балдырған жүргізушілер ортаға шықты. Оқушылар «Үміт» сарайында оқыту - дамыту бағыты бойынша жүргізілетін барлық үйірмелер шәкірттерге білімдерін тереңдетуге

септігін тигізеді. Экраннан үйірмелер туралы қызықты слайдтар көрсетіліп тұрды. «Аяла» театр үйірмесі «Бауыржанның Жамбылдан бата алуы» сахналық көрінісін көрсетті. Кезек «Дәстүрлі ән» үйірмесінің домбырашылар оркестріне беріліп, «Әгугай» әні шырқалды. Халықаралық өнер байқауларының бас жүлде иегерлері, бишілер «өзбек», «қырғыз», «түрікмен», «қуыршақ», «қара жорға» билерін тартулады. Жас әншілер Бекболат, Таңнұр, Нұрасылдар «Елге сағыныш», «Бауырлар», «Ұстазыма мың алғыс» әнін орындап берді. Кішкентай әншілер «Человек — хороший» әнін керемет айтып шықты. «Әсем» көркемсурет студиясының бітіруші түлектеріне сертификат тапсырылды. Мекеме басшысы З.Т. Бейсенбаева, орынбасары И.Р. Мамедова сөз сөйлеп, озат оқушыларды марапаттады. Кеш соңында «Туған жер» флешмобы және сарайдың өз Гимні орындалды. Өнерлі ұстаздар «Ретро»



биін билеп, шеттерінен өнерлі екенін көрсетті. «Зерек» мәнерлеп оқу үйірмесінің оқушысы, Фермебай Айғаным Дәулетқызы «Bilim — orkeniet» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған, ТМД достастығының 30 жылдық мерейтойына орай өткізілген «ТМД-ның үздік дарынды оқушысы — 2021» атты Халықаралық байқауында 1-дәрежелі Дипломға ие болды. «Зерек» мәнерлеп оқу үйірмесінің оқушысы Қырғызбай Аяжан ағартушы Ы. Алтынсариннің 180, Ж. Жабаевтың 175, Д. Нұрпейісованың 160, Ә. Бөкейхановтың 155, Қ. Мұңайтпасовтың 150, А. Жұбановтың 115, М. Мақатаевтың 90, К. Дүйсекеевтің 75 жылдығына арналған «Мәңгілік ел алыптары» атты II Республикалық рухани-патриоттық байқауда 1-дәрежелі лауреат атағын жеңіп алды. Жетекшісі, педагог Ахметжанова Гулмира Улатаевна Республикалық іс-шараға қолдау білдіріп, жас ұрпақты білімге қызықтырып, өнер әлеміне баурап, дариядай терең білімін, биік парасаттылық пен талмас еңбекқорлығын аямағаны үшін Алғыс хатпен және «Шығармашыл педагог» Дипломымен марапатталды. Вокал үйірмесінің оқушысы, талантты жас әнші Бақтиярұлы Бекболат, №39 Темірбек Қожакеев атындағы ЖББМГ «Мың бала» жобасы аясында өткен «Өнерлі өрге жүзер» атты музыкалық байқауда ән салып, 1-орынға ие болды. Бекболат өзінің табиғат берген талантының арқасында биік шыңдарды бағындыра беретіні сөзсіз. Педагогтар Тулендиева Бекзат пен Утебаева Айнур Қазақстан

Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, және 18 мамыр — Халықаралық музей күні мерекесі аясында Меркі өңірінің рухани-мәдени жасампаздық әлеуетін одан әрі нығайту жолындағы өлшеусіз еңбектері үшін, ҚМҚК Меркі аудандық тарихи-өлкетану музейінде өз шығармашылық жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, сол жерде келушілер алдында ұлттық нақыштағы жүннен, киізден жасалған, кескіндемелік көркем шығарманы қалай орындалатынын жасап көрсеткені үшін Алғыс Хатпен марапатталды. Әдіскер Ирада Рустамовна Мамедованың ұйымдастыруымен үйірмелер арасында «Біз кітап оқимыз, сен бізбен біргесің бе?» тақырыбында үш тілде кітап оқу челленджі өткізілді. Үйірме оқушылары өздерінің сүйікті әдеби кітаптарын әкеліп, үзінді оқып, бір-біріне челлендж ұсынды. Челленджге 21 оқушы қатысты. Үйлестіруші Мира Турекулованың жетекшілігімен «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер қоғамдық бірлестігі «Киелі табиғат» жобасы аясында аудан мектептерінің белсенді жасұланшылары мен тәлімгерлерінің қатысуымен «Естелік саябағы» жаппай ағаш отырғызу акциясы өткізілді. Мекеме ауласында ұлттық киім киген оқушылар, қолдарына жалаушалар ұстап, әнұранды бәрі қосыла шырқады.

Ә. БОРАНҚҰЛОВА,

**Оқушылар «Үміт» сарайының қосымша
білім беру педагогы.**

**Меркі ауданы,
Жамбыл облысы**

Табысты маман болам десең...

Біздің әлем әрдайым жаңару, өзгеру, даму үстінде болады. Ал, ХХІ ғасыр – ақпараттық технологиялар мен цифрландыру жүйесінің салтанат құрған уақыты. Осыған байланысты, қоғамда қажетті мамандықтар тізімі де әлдеқайда өзгерген. Мамандық таңдау әр мектеп бітірушісінің алдында тұрған үлкен әрі маңызды, қателікке жол берілмейтін таңдау екені заңдылық. Болашақта өз еліне пайдасын тигізер білікті маман болам десең, алдағы 10 жылда Қазақстанда сұранысқа ие ТОП-5 мамандықтар тізімін ұсынбақпын:

1. IT саласы. Сандық технологиялар күн санап емес, сағат санап гүлденуде десек, артық болмас. Жаһандандудың алғы шебіндегі мемлекеттерінің бәрі цифрландыру жүйесіне көшіп үлгерген. IT саласын дамыту арқылы Қазақстан 30 дамыған елдің қатарына кіре алады. Экономикасы қарыштап, халықтың әл-ауқаты да жақсарады.

IT саласының мамандары бәсекеге қабілетті, шапшаң ойлы, технологияларға бейімделген, мүмкіндігінше ағылшын тілін білуі керек. Олар бағдарламалардың жұмыс жасауының инструкциясын құрастырады, қажетті документацияны дайындайды, мониторингпен айналысады. Атап айтсақ, олар: программисттер, киберқауіпсіздік мамандары, аналитиктер, QA-инженерлер және т.б.

2. Маркетинг және жарнама саласы. Белгілі бір өнімді нарыққа



шығаруда жарнаманың маңызы аса зор. Ол сатып алушылардың назарына, көркем түрде, қысқа да нұсқа жеткізілуі керек. Қазір Қазақстанда көптеген жаңа бизнес түрлері, стартаптар іске асырылып жатқаннан кейін, кез келген компанияға мықты маркетинг-мамандар керек. Білікті маркетингтардың арқасында компания тек алға жылжып, мемлекет аясынан да асып, әлемдік брендке айналуы мүмкін. Демек, Қазақстанның кәсіптік, өндірушілік саласын дамытуда маркетингтардың септігі мол.

Маркетингтар нарықтағы жағдайды зерттейді, талдайды. Тауардың сатылуын, танылуын қамтамасыз ету үшін ұсыныстар жасайды. Көбінесе, олардың ойлау қабілеті жоғары әрі креативке толы болғаны абзал.

3. IT-медицина. Сандық технологиялар ғасырында заманауи медицина да қалт қалып отырған жоқ. Медицинаның басты мақсаты – адам өмірінің

сапасын оның денсаулығын жақсарту арқылы арттыру. Бұл тұрғыда медицинаның елеулі жаңалығы — цифровизацияға көшу, яғни IT-технологияларын дәрігерлердің күнделікті жұмысына қосу. Бұл сала Қазақстан халқының арасында ауру түрлерін дұрыс диагностикалау, емдеу және алдын-алуды барынша қамтамасыз етеді.

IT-медикиер медициналық ақпараттың үлкен мөлшерімен жұмыс жасайды. Технологиялық экспертиза IT-медикке медицина саласында жаңа өнімдер ойлап шығаруға көмектеседі. IT-медицина мамандары қоғамның қажеттіліктерін жақсы түсінуі керек.

4. Медиа-технологиялар, Интернет-мультимедиа. Ғаламторсыз, гаджеттерсіз бір қадам да баспайтын ХХІ ғасырда мультимедиа саласының алар орны ерекше. Әлемдік ғаламтор жүйесінің жаңа деңгейге көтерілуі электронды журналистиканың қалыптасуына алып келді. Қоғамда адамдардың көпшілігі Интернет ресурстары арқылы жаңалық білгенді жөн санайды. Сондықтан, Қазақстанның медиа саласы ғаламтор арқылы, Instagram, Youtube желілері арқылы социумда өз орнын таба алады.

Медиа-журналистика — ақпараттық технологиялардың дамуының қайнар көзі. Адам өмірін қызық жаңалықтармен толықтырып, халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналады. Сол себепті, мультимедиа барлық мамандықтармен тығыз байланысты болып, оларға да өз ықпалын тигізеді. Демек, Қазақстанның барлық жағынан өркендеуіне атсалысады.

5. Логистика саласы. Бүгінде Қазақстан Республикасы әлемдік нарықтың қоғамдастығына кіріп, жаңа өзгерістерге көшіп келеді. Көлік-транспорт, логистика саласын дамыту арқылы, экспорт жүйесін алға жылжытамыз. Әлемдік нарық пен экономикада биік дәрежеге жете аламыз. Көршілес мемлекеттермен ғана емес, дүниежүзінің алыптарына айналған елдермен де сауда қарым-қатынасын орната аламыз.

Логистер белгілі бір компания, фабрика, зауыт жасап шығарған тауарды бір нүктеден екінші нүктеге жеткізумен айналысады. Олар тасымалдау, мүліктеу, қаптау сияқты істерге де жауапты. Логистика саласында табысқа жету үшін мамандарға аналитикалық ақыл, мәселелердің шешімін тез таба білу, интуиция тәрізді қасиеттерге ие болуы жөн. Бизнес қағидаларында, техника мен заңнаманы да білу артық етпес.

Түйіндей келе, қоғамда барлық мамандықтың өз алар орны бар дегім келеді. Алайда, жастар еліміздің қозғаушы күші ретінде, озық идеялармен қаруланып, сұранысқа ие мамандықтарды игеріп, мемлекет өркендеуіне барынша үлес қосқаны жөн. Ең бастысы, уақытпен бірге адымдай білу.

**Аружан
БАҚБЕРГЕН,
№176 мектеп-гимназияның 11-сынып
оқушысы.
Наурызбай ауданы,
Алматы қаласы.**

Исраил Сапарбайдың 80 жылдық мерейтойы



**Назым
ШАТИМОВА,**
Өнер және
ұлттық
салт-дәстүрлерді
дамыту бөлімінің
менгерушісі.
Орал қаласы.

Махаббат жыршысы, лирик ақын Исраил Сапарбайдың есімі оқырман қауымға таңсық емес. 70-ке тарта әндер мен 150-ге тарта ән мәтіндерінің авторы. «Ауылдан келген ару», «Әмір-Темір», «Абай-Тоғжан», «Сыған серенадасы», «Махаббат мейрамы» пьесалары театр сахнасында қойылып жүр. Исраил Сапарбай 1941 жылы 15 мамырда Өзбек КСР-нің Самарканд облысындағы Кушрабад ауданында туған. Алғаш бір топ өлеңдері 1975 жылы «Көктем тынысы» ұжымдық жинағында жарық көрді. Республикалық «Жалын» бәйгесінің жүлдегері.

Ақын әлемі жұмбақ қазына аралы секілді. Онда қандай маржан жасырылғаны, қандай кереметтер бой тасалағаны түбіне шынайы үңіле білгенге ғана аңғарылмақ. Кітапхана қорындағы Исраил Сапарбайдың 3 томдық шығармалар жинағы лирик ақынның дүниетаным көкжиегін, қазақ поэзиясындағы өзіндік қолтаңбасын, өмірлік

ұстанымын барынша айшықтайтын әр жылдарда әралуан тақырыптағы өлең-жырларының басын құрайды.

Өнер және ұлттық салт-дәстүрлерді дамыту бөлімі «Парасат» орденінің иегері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, ақын-драматург Исраил Сапарбайға 80 жыл толуына орай Құрманғазы атындағы саз колледжінің студенттерімен «Шаттығым да осы Өлең» поэзия сағатын ұйымдастырды.

Шара барысында Исраил Сапарбайдың өмірі мен шығармашылығы туралы №19 мектептің ұстазы Мамут Зафура таныстырып, саз колледжінің кітапхана ісі мамандығының 1-курс студенттері Берікқызы Аружан, Батырғалиева Милана, 3-курс студенті Нәсіпқалиева Ақтолқын ақынның «Жолаушы», «Арман» өлеңдерін оқыды. Әдебиет өнерінде, оның ішінде поэзияда айқын із қалдырған лирик ақын Исраил Сапарбайдың өлеңдерін сүйіп оқитын жастар үшін тағылымы мол болды.

